Романда Қабанбай батыр ерлігіне ақылы, айласы сай қолбасы. Оның елден ерек қайраты көбінде жекпе-жекте сыналаныны рас. Дейтұрғанмен, батыр басқыншы жауды жеңуде жойқын қара күшке емес, стратегиялық парасатқа жүгінеді. Қабанбай батырдың образын шындыққа барынша жанастырып, биікке көтерген тағы бір келелі тұсы – Ел қамын ойлайтын парасатты тұлғасы, адамгершілік асқақ мінезі. Жазушы Қ. Жұмаділов Қабанбай батырдың айырықша образын жасауда оның ерлігіне қайраткерлік тұлғасын тең бере білген. Қысқасы, «Дарабоз» романы Қабанбай батырдың тұлғасын әр қырынан жан-жақты суреттеп, терең ашып бере алуымен құнды. Роман жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысты суреттей отырып, бүгінгі заманның өзекті мәселелерімен де сабақтасады. Дәуір сұранысына жауап беру, заманалық сипатқа ие болу – қай уақытта болсын әдебиетке қойылатын негізгі талаптардың бірі. Қай кезеңді, қай дәуірді суреттесе де, көтерген идеялық тақырыбы бүгіннің, келешектің қажетіне жарап, көркемдігі мен шынайылығы жарасым тапса жазушы мұратының іске асқаны, табысқа жеткені болмақ. Іс жүзінде, деталь, оқиға шындығын нанымды етіп жеткізумен шығарманың міндеті орындалмайды. Қаламгердің басты мақсаты да тек деталь, оқиғаның нәзік түйіндерін көркемдік шындық қалыбымен жеткізіп қана қоймайды. Суреттеп отырған өмір шындығын заман, дәуір шындығының биігінде тұрып суреттейді. Жазушы парасатының, суреткерлік мұратының сыналар тұсы да осы. Міне, осы жағынан келгенде, Қ. Жұмаділовтың «Дарабоз» романы көркемдік жағынан да, заманалық сипатқа ие болуы жағынан да сәтті шыққан таңдаулы тарихи романдардың бірі дер едік.

Нәтиже мен талқы

Соңғы кезде, қазақ әдебиетінде тарихи тұлғаның көркем образын сомдаған тарихи романдар қатары күн сайын молығып келеді. Бұл әрине, қазақ романдарының белгілі жақтан тың сатыға аяқ басқанын айғақтаса, екінші жағынан, бұл романдар «ұлттық құндылықтарды қайта

қарастырып, тарихымызды тереңдеп тануға, танытуға мол септігі болды» (Maitanov, 1996: 189). Осы орайда, жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен де, қайраткерлік тұлғасымен де ерекше көзге түсіп, артында көп аңыз қалдырған, шамамен 1705-1785-жылдары өмір сүрген атақты батырлардың бірі – Райымбек Түкеұлы Хангелдінің тарихи-көркем тұлғасын суреттейтін жазушы Жолдасбай Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр» атты тарихи романына тоқталамыз. «Райымбек батыр» романы Райымбектің тарихи-көркем тұлғасын жан-жақтылы көрсетуге арналғандықтан да, роман оқиғасы Райымбектің балалық шағынан тартып, атағы шыққан қолбасыға айналғанға дейінгі тұтас барысы баяндалады.

Тарихи роман – тарихи фактілердің хроникалық тізбесі емес. Ол тарихи деректер негізіне сүйене отырып, көркем образ, эстетикалық таным дәрежесіне көтеріледі. Ж. Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр» романында автордың алға қойған идеялық мақсаты негізінде тарихи адамдар мен тарихи оқиғалар белгілі мөлшерде өзгерістерге ұшыраған немесе сұрыпталып, жеке характерлер образын көрнектілендіру үшін жинақталған. Мәселен, романда Райымбек батырдың әкесі Хангелді делінеді. Тарихи деректер бойынша айтсақ, негізінде, Хангелді Райымбектің атасы. Өз әкесі Түке. Баласы Райымбекті ат өнеріне баулыған әкесі еді. Өйткені Райымбектің әкесі Түке өте мықты жылқышы, атбапкері болған адам. Романдағы Есжан образы Райымбектің әкесі Түкенің көркем жинақталған тұлғасы болатын. Және де Райымбектің балалық шағы нағашы атасының қолында өткені рас болғанымен, оны соғыс өнеріне тәрбиелеген атасы Хангелді еді. Романның соңына дейін Хангелді келелі істерге ақылшы, қарт батыр ретінде көрінеді. Бұл көркем шығарманың негізгі мақсатын яғни тарихи тұлға Райымбектің образын аша түсуде қосалқы қызмет атқарғаны байқалады.

Романның алғашқы тарауларында бала Райымбектің болашағынан зор үміт байқатқан батыл да ойлы әрекеттері қызықты да тартымды оқиғалар кең эпикалық тыныспен баяндалады. Бала Райымбектің эпос батырларына аң аулап, асау үйретуі, тұтқындағы әкесін құтқарып келуге қам жасауы, алғашқы ұрыстарға қатысуы секілді оқиғалар жанды да, нанымды суреттеледі. Әрі қазақ салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері де оқиғаның өзегінде жымдаса өріледі. Мәселен, «Бәсіре», «Қымызмұрындық» сияқты ертеден жалғасқан салт-дәстүрлерді оқиғаның

қажетіне қарай баяндаса, келесі де, қазақ танымы көрініс береді. Тұтқыннан құтылып келе жатқан әкесінің алдынан аң қуып жүріп алакеуім шақта ойламаған жерден шығып қалады. Әкесін сағынған кекті бала қараңғыда кезіккен бейсауат жүргіншіні жүнғар деп ойлайды да, өз атын ұрандап найза үйіріп құйғыта қарсы шабады. Қазақ танымында бейғам жауға бұқпалап барып, қапы басу ерлік іс емес. Әрі ең арысы аң аулау да «Ысқырып атқан аңның обалы жоқ» деп аңды да үндемей атпаған. Бұл таным романда: «Үндемей шабу – Ұрының ісі екенін, одан қалса қоян жүрек қорқақтың қылығы екенін Райымбек үлкендерден жақсы ұғынған» (Turlybaiuly, 2004: 66) деп авторлық баяндаумен беріледі. Сонымен бірге, Мұңғұл халқының да сенім, нанымы айтылады. Олардың өз дініне, ұстанған салтына адалдығын қолға түскен тұтқын «Олжа Мөңкені» тұзға отырғызып ант бергізу эпизоты арқылы ашады, әрі Мұңғұлдың сүйекті, мәйтті қадырлемейтін жиркенішті салтын жеңіл мысқыл арқылы түйреп өтеді. Сапарда келе жатып Хангелді батыр қонтайшылары өліп қайғырып мас келе жатқан жоңғарларға кезігіп: «Қонтайшыларыңның өлігін ит жесін» деп көңіл айтады. Бұл қазақ халқы үшін айтқанда жантүршіктірер қарғыс сөз болғанымен, Мұңғұл халқының салты, танымы еді.

Соңғы кезде жарық көрген біршама тарихи романдарда ортақ кездесіп жүрген бір ағат таным бар. Ол – «Туды сую». «Райымбек» романында Ж. Тұрлыбайұлы: «Райымбек тудың етегінен қос қолдап ұстап, ернінің ұшымен сүйді» (Turlybaiuly, 2004: 340) деп жазады. Жазушы Ж. Ахмеди «Айтұмар» романында: «...Нұрабай қос қолының алақанымен аялай тартып, алдымен ерін үшін тйгізіп сүйді» (Ақмаді, 2009: 413) деп суреттейді. Қазақ эпостарында, батырлар жырында «Туға ерін тигізіп сую» кездеспейді. Ел тағдыры сынға түскен шешуші шайқастарға аттанар алдында ақ боз жылқыны құрбандыққа шалып, батырлар ант берудің рәсімі ретінде туды қандаған. Ал «туды қандау» жай ғана ант берудің белгісі емес, ол «туды жанды нәрсе» дейтін магиялық танымнан келіп шыққан. Бұл туралы Серікбол Қондыбай «Жауынгерлік рух кітабы» атты еңбегінде: «Қазақта туды сүймейді. Бұл ғұрып – Орыстық-европалық әскери дәстүрден ауып келген. Қазактікі туға маңдайын тйгізеді» (Qondybai, 2006: 118), – деп жазады. Қазақ танымында жоқ дүниені мұқият барлап түсінбей тұрып, келсін-келмес жеңіл сүйкей салу дұрыс болмас. Терең тарихи таным мен ұлт болымысынан көп дерек беретін фольклорлық дүниелер

осындайда жазушыға зор мүмкіндіктер береді деп ойлаймыз.

Жазушы Ж. Тұрлыбайұлы романында Райымбек батырдың көркем тұлғасын ашуды мақсат етіп, тарихи оқиғаларды бас кейіпкердің төңірегінде өрбіте отырып та, адамдардың жан дүниесіне үңіле білгені – Қанымжан, Есжан образынан көріледі. Есжанның іске шөгел қырағылы, сыншылдығы, спарлығы, жайсаң жомарт мінезі, Қанымжанның мейірбан, жайдары, жарқын қасиеттері әр қырынан суреттеліп, оқырманға көңілді, жағымды әсер сыйлайды. Бұл екеуі де елеулі көркемдік жинақтаудан өткен көркем бейнелер. Қысқасы, жазушы дәуір шындығын тарихи адамдар болмысымен қабыстыра отырып, көркемдік шындық деңгейінде жеткізіп бере алған. Романның тілі шұрайлы. Автордың оқиғаны баяндау тәсілі, суреттеулері көңілге қонымдылығы романның әр сөйлемінен анық аңғарылады.

Қазақ тарихында бүкіл өмірін елі үшін арпалыспен өткізген даңқты ерлер, жалынды күрескерлер, алтын жақ абыз би мен аруақты батырлар аз болмаған. Олардың кейбірі жау келгенде батыр, дау туғанда би де болған күрделі тарихи тұлғалар еді. Сондай көп қырлы тарихи тұлғаның бірі – Есенгелді Құдайназарұлы. Батырдың көркем-тарихи тұлғасын жан-жақты ашуды мақсат етіп жазушы Жанат Ахмади «Есенгелді би» атты тарихи роман жазды. Романның идеялық арқауы – Есенгелді батырдың тарихи өміріне арналғанымен, онда қазақ халқының бір дәуірдегі басынан кешкен тарихи өмірі баяндалады. Есенгелді өмір сүрген уақыт – Жоңғардың қазақ даласына шапқыншылық жасап, бейуаз халықты аяусыз қырғынға ұшыратқан мезгілге тура келеді. «Батырды заман тудырады» дегендей алмағайып кезеңде әр азаматтың өз елін, алтын бесік мекенін қорғауға борышты екені шындық. Елбасына күн туған сол бір кезеңде қатарынан озып, елге пана болған айбарлы азаматтың ерлік істері, қайраткерлік тұлғасы, адамгершілік асқақ бейнесі романда кеңінен суреттеледі (Qazaq romanu: Otkeni men bugini. 2009: 411).

Жазушы Есенгелдіні айтулы батыр қолбасы, шешен би ғана емес, елінің қамқоршысы, панасы болған үлкен кісілікті көп қырлы тұлға ретінде сипаттайды. Оның жекпе-жекте жүңғардың Жамса Дондаба сияқты не бір дойыр батырларын жеңгенін, жүңғарға қарсы жорықтарда көрсеткен ерліктерін суреттеу арқылы оның батыр тұлғасын көрсетсе; аға билерге еріп жүңғар ордасында тұтқында жатқан Абылайды алып қайтуы,

әрі жат елдің алдында бүгежектемей тең тұрып уәжді ой айтып, иландыруы жас Есенгелдінің ел алдындағы абыройын асқақтатады. Сонымен бірге, жазушы Есенгелдінің жиырма жасының өзінде «Есенгелді шешен», «қылыш би», «шешен қызай» атанғанын айтып, тағы бір қырын ашады. Әрі оның шешендігін «күн дауы», «ар дауы», «көз құны» секілді ел ішінің даулы мәселелерін қалай шешкенін суреттей отырып, оның қиядан жол тапқыштығын, тапқырлығын жеткізе көрсетіп, шынайы тұлғасын ашуға күш салады. Мәселен, бірде Матай руынан шыққан Қайып би Есенгелдінің нағашы жұрты сары Үйсін еліне кісі құнын даулап келеді. Кісімді өлтірдің деп Матай жақ айғұлақтанып ат ойнатуға айналады. Ауылда сары Үйсін сөзін ұстап отырған шапырашты Жарылғап биге ырық бермей, даугерлер өрекіп тұрғанда жолаушылап кеткен Есенгелді келіп қалады да, өршіген даудың өзегіне су құяды. Есенгелдінің шешендігін, әділдігін көрсету үшін алынған бұл көшпелі сюжет өзге билерге де телініп жүр. Мәселе, онда емес, жазушының қазақ би-шешендеріне қатысты түрлі материалдарды екшеп, орынды пайдалана білгендігі еді.

Есенгелдінің батырлығы мен шешендігінен сырт, оның қарапайым адам ретіндегі кісілік тұлғасын ашатын шынайы өмірге жақын нақты оқиғалар да кездеседі. Мұны жазушы негізгі оқиға ішінде қыстырма баяндаумен кірістіріп отырады. Мәселен, «Мамырсу» келісіміне байланысты сауда орталығының ашылып, қазақтардың бұтартар көлігі жылқысын көптеп саудалай бастауын айта келіп, қазақ үшін жылқының алатын маңызын кешегі жорыққа мінген батырлардың тұлпарларына байланыстырып таратып баяндайды, әсіресе, Қабанбайдың Қубас атын айырықша атайды. Осы тұста, автор сөз ыңғайына қарай Есенгелдінің тұлпарына байланысты мынадай оқиғаны келтіреді: «Қызайдан шыққан Қарамеңде бір сапарда Есенгелдінің қырғыз ханы Құсбектен түсірген шақпақ бедерлі, Көктеңбіл тұлпарын сазға батырып өлтіріп алады. Есенгелдіден ұялған ел жақсылары аттың нарқын он бестіге бағалағанда, ат иесі өлген атқа бола Есенгелді деген атымды былғамайын. Дұшпан арасында «ит төлеуі бір күшік» болса, ағайын арасында ат төлеуі бір тай емес пе? басына ат берсе болғаны деп сөзге тоқтайды. Қызай ішінде «Есенгелдінің тұлпары да бір аттың құнымен біткен» деген аңыз қалады» (Aqmadi, 2006: 408). Жазушы Ж.Ахмади осы шағын деталь арқылы Есенгелдінің жомарт мінезін, адамгершілік қасиетін, образын тереңдей аша түседі.

Романда билердің сөз сайысына түскен тұстары шешендікпен берілген. Жазушы Ж.Ахмади халық тіліне ғана емес, қазақ халқының шаруашылығына, салт-дәстүріне өте жүйрік екендігін аңғартады. Романда Қазыбек би жиені Жәнібекке: «Жас күніңнен жылқы іңіртінің жесегімен жетілдіріп едім» дейді. Жылқы түлігінің қасиетін, қыр-сырын қанық білетін адам ғана мұны жақсы түсінеді. Әрине, бұл жазушының өмірді терең бақылап қана қоймай, оны керекке жарата білгенін айғақтайды. Мұнан басқа, романда қазақтың қыз ұзату, келін түсіру, той салтанаты т. б. салт-дәстүрлері көрініс береді, әрі қазақтың жауын да құшағына тарта білетін дарқан мінезін, мейірбан ақкөңілділігін, адамгершілігін қонтайшы Ғалдан Сереннің жиені Әмірсананы Есенгелдінің бағып, науқасынан айырықтырғаны туралы оқиға арқылы көрсетеді.

Есенгелді тарихи тұлға. Алайда, жазушы оны хроникалық барыспен айнытпай көшіріп шықпайды. Олай істеу көркем шығарманың принципіне жат. Заман дауылы көміп, ескіріп санадан өше бастаған тарихты жазушы факт негізінде суреткерлікпен өңдеп, аршиды, көркем образ жасайды. Жазушы Ж. Ахмади бұл романында өзінің ойға алған идеялық мақсатына сай тарихи тұлғаның алуан қырларын, азаматтық тұлғасын жасау үшін көптеген тарихи оқиғаларды, шежірелік материалдарды екшеп пайдаланады. Әсіресе, тарихи тұлғаның қоғамдық қызметін, халық алдындағы орнын биіктете көрсетуде ел тағдырына қатысты тарихи оқиғаларды шеберлікпен керекке жарата білді. Атақты батырлармен, би- шешендермен үзеңгі серік боп, ел бірлігін қорғап, жауға да, дауға да сурыла кірісетін өткірлігін суреттеу арқылы романның идеялық арқауын шыңдап, көркемдік әсерін тереңдете түседі.

«Есенгелді би» романында табиғат суреті онша көп емес. Дейтұрғанмен жазушы табиғат аясындағы көріністерді кейіпкеріне тамашалата отырып, одан терең сыр түйетін тұстары да кездеседі. Жоңғарлар ауылды шауып қыстаулыққа өрт қойып, балапан шығарып жатқан кептерлерге садақ оғын жаудырғанда үрейі ұшқан кептерлер ауылдан едәуір алыстағы сарқыраманы келіп паналайды. Бала Әлет әкешесі тірі кезінде өзі қол баққан кептерлерін көруге осы сарқырамаға келеді. Жаны жара бала Әлеттің алдынан шыққан көңілсіз жағдай кептерлеріне де мұнда «Жаудың» тигені еді. Көкшұбар қаршығаның үнемі кептерлерді аулайтынын өз көзімен көріп: «Кептерлерімнің жау қалмағы осы зұлым екен-ау» деп ойлайды.

Жазушы табиғат аясындағы осы қайшылықты құбылысты бала Әлеттің басындағы тағдырмен параллель етіп суреттейді. Романның екінші бөлімінде жазушы сол дәуірдегі қазақ басына түскен жағдайды қараша құстардың қоңырқаздарды мекенінен бездірген жексұрын әрекетін суреттеу арқылы көрсетіп береді. Есенгелді қасына ерткен жоңғар Әмірсанаға сендер де бейне қоңырқазды мекенінен лас қылғымен бездірген қараша құстар сияқтысыңдар дегенді аңдатады. Романдағы бұл шағын эпизод орынды алынған. Жазушы табиғаттың көрінісін, құбылысын адам өмірімен шендестіріп, Символдап немесе көркемдік жинақтаудан өткізіп бейнелесе, солғұрлым шығарманың идеялық өрісі, эстетикалық әсері тереңдей түседі. Бұдан жазушының бейнелеудегі дара көркемдік стилі де айқын жүз беріп отырады.

Романның тағы бір артықшылығы – әр рудағы батыр, билер сияқты тарихи адамдарды түгендеп, көбінің тегі, тарихынан да мол шежірелік мағұлмат беруі. Алайда, көркем шығармаға басы артық деректерді тықпалай беру шығарманы негізгі бағытынан адастырады. Бұл жағдайлар кейбір тарихи деректерді қиыстырып романға қосып жіберуінен байқалады. Романның ең соңғы тарауы тұтастай Қызай ананың яғни Күнбикенің билік айтуына арналады. Бұл мазмұн тарихи тұлғаның образын ашуға, романның мазмұнын толықтай түсуге қызмет етіп тұрған жоқ. Оқырманға романға оқыстан қосылып кеткен бөлек дүние секілді әсер қалдырады. Міне, бұларды болмысыз ағаттық деп қарасақта, романның көркемдік тұтастығына, идеялық арқауының шымырлығына әсерін тигізбей қоймайды.

Сөз жоқ, Ж. Ахмади өз жазу стилі қалыптасқан талантыты жазушы. Оның қаламынан туған әр туынды өзгенің дүниесіне қосылмайтын бөлек бөгенайға ие. Бұл жазушының қазақтың сөз байлығын меңгергені соншалық. Әр шығармасын оқып отырып, не бір ойға оралмас қанатты тіркестерді, афоризмдерді кездестіреміз. Жазушының шешендікпен берген соны да сом ойлары шығарманы тілдік жағынан қуаттандырып, әсерге тоғытып тұрғаны айқын байқалады. Романның тілі демекші, осы жерде мына бір істі қыстыра кеткіміз келеді. Жазушы тек құрғақ шешендікке сүйеніп кемел дүние жаза алуы екіталай. Ғасырлар биігінен көктей өтетін ғұмырлы шығарма жаза алуы үшін, қаламгерге өзі суреттемекші болған қоғам, дәуір, тарихи оқиғаларды терең барлай алатын ойшылдық, парасаттылық, сыншылдық қажет. Бұл жерде

шығарманы көркемдікке жеткізетін, оның төрт тұрманын толықтаудың алғы шарты болатын тілдің ролін әсте төмен бағалау немесе сәл қарау деген мағына тумады. «Ең көркем сөз – орынды айтылғаны сөз» деген қағида бізге осыны ескертіп тұрғандай.

Жазушы Ж. Ахмадидың «Есенгелді би» романында емеурінмен айтса да жеткілікті нәрсені немесе бір ғана мақалмен бейнелейтін ойды біршама мақал-мәтелді, афоризмді үсті-үстіне үстеп қолданып, көп сөзділікке жол береді. Бұл жағдай, әсіресе, «Айтұмар» романында көп белең алады. Жазушының бір романда 500-ден астам мақал-мәтел қолдануына қарап, роман халық тіліне бай, шешендікпен жазылған екен десек те, мақал-мәтелдер мен афоризмдердің роман көлемінің едәуір бөлігін иелеп тұруы – Көркем шығарманың принцип, талаптарына салып қарасақ та дұрыс келмейтіні бесенеден белгілі болып тұр. Негізі, шығарма көркемдігі бояуының қалыңдығында емес, шеберлік сиқырында, айтарын қапсыз, ұтымды бере алуында болса керек.

Қазақ әдебиетіне «Дүрбелең», «Шырғалаң шақ», «Есенгелді би», «Жарылқап би», «Айтұмар» сияқты сүбелі романдар сыйлаған талантты жазушының жасампаздығындағы азда-

ған әттеген-айларды айтпағанда, көркемдік жағынан болсын, дәуір шындығын бейнелеуде, әлеуметтік маңызды мәселелерді көтеруде болсын әдебиеттің алға қойған талап биігінен төмендеп, олқы соғып тұрған жері жоқ. Жазушының қазақ әдебиетіне, жүйеден қазақ сөз өнерін байытуға, қордаландыруға аянбай еңбек сіңіргендігіне ешкім де шұба келтіре алмайды. Не жазса да ойы саңлақтанып тұратын мұндай шешендікті біз Ә. Кекілбаевтан, сосын, С. Сматаев пен Ж. Ахмадайұлынан кездестірдік. Алда суреткер туындыларының күн сәулелі келешек табарына, жұрт жүрегінде жыр боп жаттала беретіне сеніміміз кәміл.

Қорытынды

Жинақтап айтқанда, батырлар образын сомдаған бұл романдар қазақ тарихи романының арнасын кеңейтіп, байыта түскен табысты еңбектер саналады. «Ерлік өнегелері тарихты нұрландыра түседі» деп В. Гиюго айтқандай елін жаудан қорғап, даудан сақтаған батырлардың ерлікке толы өмір жолдарын, өнегелі істерін қайта жаңғырту арқылы қазақ тарихының әлі сыры ашылмай жатқан беймағұлым тұстарын тануға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

- Жұмаділов Қ. Дарабоз. Тарихи роман. 1-кітап. – Алматы: Шабыт, 1994. – 416 б.
 Елеукенов Ш. Шығармалары, 1-том. – Астана: Фолиант, 2011. – 536 б.
 Жұмаділов Қ. Дарабоз. Тарихи роман. 2-кітап. – Алматы: Шабыт, 1996. – 423 б.
 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 251 б.
 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 335 б.
 Тұрлыбайұлы Ж. Райымбек батыр. – Алматы, 2004. – 456 б.
 Қазақ романы: Өткені мен бүгіні (Ұжымдық монография). – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 644 б.
 Ахмади Ж. Айтұмар. – Алматы: Мирас, 2009. – 512 б.
 Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. – 240 б.
 Ахмади Ж. Есенгелді би. – ҚХР, Үрімжі: Шинжяң жастар-өрендер, 2006. – 467 б.

References

- Aqmádi J. (2006) Ecengeldi Bi. [Bi Esengeldy], Urmji: Xinjag, jastarorender, 467 p. (In Kazakh)
 Aqmádi J. (2009) Aytumar [Aytumar], Almaty, Mirac, 512 p. (In Kazakh)
 Sydyq T. (1996) Qazaq tariqromany [Kazakh historical novel], Almaty: Er-Dwlet, 251 p. (In Kazakh)
 Elewkenov SHI. (2011) Shyǵarmalary [Works], 1-tom. Almaty: Foliant, 536 p. (In Kazakh)
 Hondybai C. (2006) Jawyngerlykrwhkytaby [Book of warrior spirit], Almaty: NurlyÁlem, 240 p. (In Kazakh)
 Jumádil Q. (1994) Daraboz [Daraboz], Almaty: Shabyt, 416 p. (In Kazakh)
 Jumádil Q. (1996) Daraboz [Daraboz], Almaty: Shabyt, 423 p. (In Kazakh)
 Maitanov B. (1996) Qazaqromany jáne psiqologialyqtaldaw [Kazakh novel and the analyzing in psychology]. Almaty: Canat, 335 p. (In Kazakh)
 Qazaqromany: Otkeni men bugini (2009) [The past and present of Kazakh novels]. Almaty: Almaty basfa uui, 644 p. (In Kazakh)
 Qondybai C. (2006) Jawyngerlikrwq kitáby [Book of warrior spirit], Almaty, NurlyÁlem, 240 p. (In Kazakh)
 Turlybauly J. (2004) Raiymbekbatyr [Raiymbekbatyr], Almaty, 456 p. (In Kazakh)

Мүтиев З.Ж.¹, Мұханбетова Ж.Ө.²,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
¹доценті, ф. ф. к., ²педагогика ғылымдарының магистрі,
 Қазақстан, Орал қ., e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, janim.03.95@mail.ru

**ҚАЙРАТ ЖҰМАҒАЛИЕВ –
 РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
 ЖЫРЛАУШЫ АҚЫН**

Қазақ поэзиясының алтын күмбезін көтерушілердің қатарында ақын Қайрат Жұмағалиевтің есімі алдымен ауызға алынады. Өйткені Қ. Жұмағалиев – лирика тегінің барлық жанрында қалам тартып, шеберлік байқатқан ақын. Оның шығармашылық өрісінің басым бөлігін поэмалар, балладалармен қатар лирикалық туындылары құрайды. Қ. Жұмағалиевтің өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Әу баста балалар ақыны боп қалыптасқан қаламгердің бертін келе саяси-әлеуметтік тақырыпқа ден қоюы оның азаматтық ажарын танытатын туындыларымен ерекшелене түсті. Суреткерлік шеберлігі әбден пісіп жетіле келген ақын бірте-бірте өз ұлтының рухани құндылықтарын жырлауға көшті. Халық ұғымына жете таныс, ұлт намысын, ұлт рухын оятатын тақырыпты жете қаузау арқылы ақын Қ. Жұмағалиев оқырманын рухани құндылықтарды аялауға тәрбиелейді. Оның поэзиялық туындыларының басты ерекшелігі – ақын ұлт мінезін, ұлттың жеке өзіне тән тектілік қасиетін жырға қосады. Ақын ұлы даланың қорғаны болған бабаларымыздың елдік, ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі ете толғанады. Қазақ халқының бастан кешкен тарихи оқиғаларын, сайын даланың бауырына бүккен сан қилы оқиғаларын кейінгі ұрпаққа тәптіштеп жеткізуде ақын біршама ізденістерге барған. Тарихта ізі қалған аты мәшһүр тұлғалардың өз халқы үшін атқарған ізгілікті істерін ақын бүгінгі тәуелсіз ел ұрпағының ұмытпауын қалайды. Олардың ел игілігі жолындағы бастан кешкен сан қилы іс-әрекеттерін ақын тарихи деректерге сүйене отырып, өткен оқиғаларға жан бітіре, шолу жүргізе жырлайды. Ақын өлеңдерінің алтын арқауына айналған және бір іргелі тақырып – ол қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі. Атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрдің бүгінгі ұрпақтың бойындағы көрінісін ақын өз өлеңдерінде нанымды, риясыз бейнелейді. Халықтық педагогиканың ажырамас, құрамдас бөлігі саналатын үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды атрибуттарын бүгінгі қоғам өкілдері қалай сақтап жүр деген мәселелер Қ. Жұмағалиев туындыларында өзекті һәм зәру тақырыпқа айналған. Мақалада ақынның рухани құндылықтарды жырлаудағы тақырып аясы, идеялық мақсаты танылады, қоғам мүшелерінің елдің өткені мен бүгінгі өмірге көзқарасын ақын қаншалықты жырлай алғандығы оның өлең-жырларына әдеби, ғылыми талдаулар жүргізу арқылы дәйектеледі.

Түйін сөздер: Қайрат Жұмағалиев, қазақ поэзиясы, рухани құндылықтар, ұлт мінезі, Ұлы даланың қорғаны, параллель әдіс, авторлық идея, Бөкей хан, Мәншүк пен Әлия, лейтмотив, Отанды құрметтеу, ақындық мұрат.

Mutiyev Z.Zh.¹, Mukhanbetova Zh.O.²,

¹Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences,
²Master of Education of M. Utemisov West-Kazakhstan State University,
 Kazakhstan, Uralsk, E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru., janim.03.95@mail.ru

**Kairat Zhumagaliyev – a poet
 of spiritual values**

Kairat Zhumagaliyev is one of the first names that are mentioned among the poets who ascended to the height of Kazakh lyrics since he has displayed his inner world and his mastery in all kinds and genres of lyric poetry. Most of his creative heritage consists of both poems and ballads and lyrical works. The thematic scope of K. Zhumagaliyev's poems is various. At the earliest stage of his creative work he was more inclined to children's poetry and later he started to develop into a poet having a mature civic position. He intentionally began to choose social and political themes. Having improved his artistic mastery, he gradually proceeded to glorification of national spiritual values of his people. Touching upon a subject that is so cherished and near to heart and conscience of the nation, the poet K. Zhumagaliyev naturally fosters in his readers careful attitude to spiritual values. His poetic creations have an important pecu-

liarity – the poet glorifies national character, national spirit and national identity. The poet recalls with respect the great warriors-defenders of the steppe whose military work and feats are an inexhaustible source of inspiration for future generations. The poet had to work hard in order to impart to future generation in an accessible form and in detail historical events that took place in life of the Kazakh people, the master of the boundless steppes. The poet wants with all his heart that his independent people always remember the names of those who have left an outstanding mark in the history of the country. Based on numerous historical facts, Zhumagaliyev describes them from the point of view of the spectator in order to reconstruct pictures of events and actions performed for the welfare of the nation. The tradition of the Kazakh people's hospitality is one of the basic themes of his poetry. In his poems the poet describes truthfully and without bias modern manifestation of traditions handed down from generation to generation. Such themes as respect for elders, concern for the younger are particularly topical to the works of the poet Kairat Zhumagaliev. These virtues are part of and attributes of folk pedagogy, the attitude of modern society to old but ever-young values. The article reveals the theme, the ideological goal of the poet in glorifying spiritual values. Using scientific and literary analysis it forms the rationale for the poet's ability to convey a strong connection between the past and the present of the people, to show events of the long-ago through the prism of the worldview of modern man.

Kew words: Kairat Zhumagaliyev, Kazakh poetry, spiritual values, national character, Defender of the Great steppe, parallel method, an author's idea, Bukey khan, Manshuk and Aliya, a leitmotif, respect for the Motherland, the mission of the poet.

Мүтиев З.Ж.¹, Мұханбетова Ж.Ө.²,

¹к. ф. н. доцент, ²магистр педагогических наук
Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова,
Казахстан, г. Уральск, e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, janim.03.95@mail.ru

Кайрат Жумагалиев – поэт-певец духовных ценностей

Среди взошедших на пик казахской лирики поэтов одним из первых упоминается имя Кайрата Жумагалиева, потому что он проявил свой внутренний мир и свое мастерство во всех родах и жанрах лирики. Большую часть его творческого наследия составляют как поэмы и баллады, так и лирические произведения. Стихи К.Жумагалиев писал на разные темы. Если на заре своего творчества он больше тяготел к детской поэзии, впоследствии он начал формироваться как поэт со зрелой гражданской позицией, стал намеренно выбирать социально-политическую тематику. Усовершенствовав свое художественное мастерство, постепенно перешел к воспеванию национальных духовных ценностей своего народа. Прикоснувшись к тому, что так дорого и близко к сердцу и совести народа, поэт К.Жумагалиев непринужденно воспитывает в своих читателях бережное отношение к духовным ценностям. Его поэтические творения имеют важную особенность – поэт воспеваает национальный характер, национальный дух, национальную самобытность. Поэт с почтением вспоминает великих воинов-защитников степи, ратный труд и подвиг которых является неиссякаемым источником вдохновения для будущих поколений. Поэту пришлось немало потрудиться, чтобы доступно и детально передать современному поколению исторические события, происходившие в жизни казахского народа-повелителя бескрайних степей. Поэт страстно желает, чтобы его независимый народ всегда помнил имена тех, кто оставил яркий след в истории страны. Жумагалиев, основываясь на многочисленных исторических фактах, рассказывает о них с точки зрения обозревателя, чтобы воссоздавать картины событий и поступков, совершенных во благо нации. Одна из фундаментальных тем в его стихотворениях – это традиция гостеприимства казахского народа. В своих стихах поэт со всей бескорыстностью, достоверностью описывает современное проявление традиций, передаваемых из поколения в поколение. Особо актуальны в творчестве поэта Кайрата Жумагалиева такие темы, как уважение к старшим, забота о младших, которые являются частью и атрибутами народной педагогики, отношение современного общества к старым, но не стареющим ценностям. В статье раскрывается тема, идейная цель поэта в воспевании духовных ценностей, с помощью научно-литературного анализа дается обоснование способности поэта передавать прочную связь между прошедшим и настоящим народа, показывать события давности через призму мировоззрения современного человека.

Ключевые слова: Кайрат Жумагалиев, казахская поэзия, духовные ценности, национальный характер, Защитник Великой степи, параллельный метод, авторская идея, Букей хан, Маншук и Алия, лейтмотив, уважение к Родине, миссия поэта.

Кіріспе

Поэзия – адам жанының айнасы. Поэзияның өмірдегі сан алуан құбылыстарды, сан түрлі бейнелер мен образдарды, тіршілік келбетін, адамның ішкі жан дүниесін, сезім мен көңіл күйді жеткізетін жанр екендігі мәлім. Ұлы ойшыл В.Г.Белинский «Поэзия – өнердің асыл тегі. Поэзия адамның еркін тілімен берілгендіктен, онда үн де, сурет те, пайымды түсінік те болмақ» – деп жетекші өнер саласы ретінде таныса (Belinsky, http://az.lib.ru/b/belinskij_w_g/text_0790.shtml), әдебиет сыншысы Н.Г. Чернышевский «Басқа өнер түрлеріне қарағанда поэзияның биік тұратынына дау жоқ, өйткені өзге өнер түрлері поэзияның айтарын бізге жеткізе алмайды» – деген түйінді ой айтып, өлең атаулының әдебиет элементіндегі көркемдік шеберліктің озық үлгісі екендігін дәлелдей түседі (Chernyshevsky, 1947:52).

Қазақ поэзиясының өзіндік даму сатысында азаматтық үнге толы, рухани құндылықтарды насихаттайтын, жақсылықты ту етіп, ізгілікке бағыттайтын эпикалық жыр-дастандарымен танылған дарынды тұлғалар баршылық. Поэзияның жаңарып жандануына үлес қосып, рухты жырларымен танылып, әдебиет тарихында өшпестей ізі қалған көрнекті ақындардың бірі әрі бірегейі – Қайрат Жұмағалиев. «Тұңғыш» (1964) өлеңдер жинағымен көрінген ақынның шағын кітаптары («Жанар», «Перзент үні», «Айнакөз», «Сақара», «Шапағат») кейіннен қаламгердің оқырмандар жылы қабылдаған «Ақжарма» (Zhumagaliyev, 1974), «Сәске» (1976), «Көңілімнің сарасы» (1982), «Күншуақ» (2001), «Кие» (2014) т.б. кітаптарында толықтырылып жарық көрді.

Эксперимент

Қайрат Жұмағалиев шығармашылығымен жете таныс әдебиетші-ғалым С. Әсіпов: «Ақынның ойлары терең, көзі қиядан көргіш, қиялы ұшқыр да тілі орамды. Аспанына бұлт үйірілмей, аңызға жалын тіліндей жалақтап тұрған, «бұрқасындарға беріспей жер тістеп» көкпектен бөтенкөзге шалынар тұлдыры жоқ мижазық далада да ғажайып сүйкімділік бар боп шығады. Туған жер ғой ол. Жайық өңіріндегі «Қатқыл» деп аталатын кең жазықты сол аттас өлеңінде суреттей отырып ақын оқушыларына осындай ой салады. «Жазғы дала» лирикасында да жер-ананың жайлы да дәулетті, салтанатты

бір шағын бейнелейтін сиқырлы жолдар бар. Сол сияқты, «Айжарық терегі», «Қайтқан қаз» өлеңдері туған табиғаттың айшықты суретін салып, сырын шертеді. Оған әрқашан мейірімінді аямай төгіп, бар жаныңмен қорғауға үндейді» – деп орынды пікірін білдіреді (Assipov, 1980: 6). Ақынның қаламынан туған елеулі жырлары өмір құбылыстарын шынайы әрі шебер суреттеуімен, өзі өмір сүріп отырған дәуір келбетін, қоғам бейнесін сол қалпында сипаттауымен, ізгілік, имандылық, адамгершілік, адалдықсынды адами қасиеттерді насихаттауымен ерекшеленеді. Ақынның өлең-жырларына арқау еткен басты тақырыптары ретінде ел мен жер, асыл ана, ержүрек ерлер, ауыл мен қала тағдыры, қарапайым адамдар бейнесін атауға болады.

Негізгі бағыт

Ақын Қ. Жұмағалиевтің оқырманын рухани құндылықтарды аялауға тәрбиелейтін шығармаларының қатарын «Жалын» журналында жарияланған «Мәрт қазақ ешкімге де бас ұрмаған» атты топтамамен берілген өлеңдері толықтыра түседі (Zhumagaliyev, 2013). «Қорғаған бабам даласын», «Жәңгір ханның кітапханасы», «Бөкей хан – ұлы дипломат» аталған өлеңдерінде ұлт мінезін, ұлттың жеке өзіне тән тектілік қасиетін жырға қосады. Ұлы даланың қорғаны болған бабаларымыздың елдік, ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі ете толғанады.

Ордалы дұшпан анталап,
Даламды
Түнек торлаған-
Кеудемнен
Оны қалқалап
Қорғаған сонда
Өр бабам

Аттанын қосып ұранға,
Майданға кірсе
Ойқастап,
Жар болған оған -
Бір Алла
Ғасырлар бойғы шайқаста!
(Zhumagaliyev, 2013: 67).
(«Қорғаған бабам даласын»)

Күші басым жаудан құтылып шығудың әдіс-амалын шебер меңгерген өнерлі де болғаны, даласын қорғаған батырды даласы да оны қорғаштап құшағына алғанын ұмыт қалдырмайды ақын.

Қорғаған бабам
Даласын!
Даласы да оны қорғайтын!

Қазақтың соңғы ханы – Жәңгір ханға арналған туындысында ақын Қ. Жұмағалиев дерек көзіне сүйеніп ой толғайды. Табыл есімді жанның Қазанға барған сапарында тапқан олжасына сүйсіне қол соғады. Ақ Еділді жағалай қонған татар бауырлардың мұқияттылығына, қазақтың тарихына қатысты жәдігерді ғасырлар бойы сақтап келген ерлік істерін мадақтап жырға қосады. Табылдың аузымен айтылған:

Бұл жолы
Алып келген жаңалығым:
Сапарлап
Екі ғасыр аралығын
Мұражай
Мұрағатты зерделеп ем,
Көзбен көрдім
Жәңгір хан даналығын

«Қала ма халқым жүдеп,
Елім жұтап,
Уақытша
Паналайтын жерінді тап»
Дегендей
Қазанға әкеп тапсырыпты
Жәңгір хан
Төрт мың үш жүз елу кітап
(Zhumagaliyev, 2013: 68).
(«Жәңгір ханның кітапханасы») –

деп келетін монологтарда хан Жәңгірдің келер ұрпақ қамын ойлаған ақылман ой-шешіміне риза көңіл танытады. Табылдың тәуелсіздік алғалы «Он бес жылда / Бір ғалым іздемеген / Тіпті, көріп тұрса да – / Көрмегендей?!» – деген ашына айтқан жан айқайына өлең авторы былайша басу айтады:

Дедім мен,
Тақпасам да Табылға мін:
«Жөн болмас
Сары уайымға салынғаның
Қалайша кінәларсың
Шіркіндерді,
Күн көре алмай жүрсе
Сол ғалымдарың..» (Zhumagaliyev, 2013: 68).

Туындыда екі дәуір адамдарының әлеуметтік мәселелері қатар алынып, параллель әдіспен көмкерілген. Біріншісінде Жәңгір хан өз дәуі-

рінің күні сөніп келе жатқанын сезіп, бай кітапханасын көрші татар халқына сеніп, сақтау үшін Қазанға жөнелтсе, ондағы ойы – келер ұрпақ пайдасына жаратар деген ізгі ниеті жатырса, екінші әлеуметтік мәселе – Тәуелсіздік алған қазақ ғалымдарының ұлт руханиятын жан-жақты терең зерттеп білуге қаржылық мұқтаждығы кедергі болғаны аңғарылады. Өз күндерін өздері көре алмай жүрген зерттеу мамандарының қол байлау болған мәселесін ақын авторлық идея арқылы ишаратпен түсіндірген сынайлы көрінеді.

Аталған топтамаға кірген бір өлеңде қазақтың қонақжайлылық дәстүрін танытқан Жаңғала тұрғынының мәрттігі сөз болады. Табиғаттың мезгілсіз кезеңіне тап болып, жаңбырлы түнде жолаушылар жол азабына көндігіп, амалсыздан ауылды пана тұтып кіріп барады.

Түрі жоқ кара түнде қалтыраған,
Шамдары самаладай жарқыраған
Бір үйге Жаңғалада кіріп бардық
Сәулетті, салтанатты қалпы ұнаған.

Кең пейіл -
Шалқар дала алабындай,
Болар ма бұл қазекем дана мұндай:
Таңғалып тұрып қалдық -
Сол үй бізді
Қарсы алды көптен күткен қонағындай!

Қазақы дархандықты тектік біліп,
Әп-сәтте біз пейішке кеттік кіріп!
Жайылды жомарт үйдің дастарханы -
Біз құдды қойғандай-ақ көп күттіріп
(Zhumagaliyev, 2013: 69).
(«Жаңғала. Жаңбырлы түн»)

«Мәрт қазақ ешкімге де бас ұрмаған / Ғасырдан есен жеткен ғасырға аман..! -деп ой қорытқан өлең кейіпкері:...Ойнақтап ертеңіне жолға шықтық / Жаңбырды елең қылмай басылмаған» – деп түйіндейді. Соңғы шешім тіптен қызық: «Тек қазақ қоныстанса экваторға / Не болар екен деп те толғаныппын». Ондай жағдайда «Түк қаржы шығармай-ақ қалтасынан / Теп-тегін шығар еді Жерді айналып!». Кең пейілді, ашық көңілді халқымыздың туа біткен дархандығын көрсетуде бұл туындының өте сәтті шыққанын айту ләзім.

Қ. Жұмағалиевтің ұлттық рухты қазбалаған туындыларының шоғыры мол. Еліміздің Батыс аймағының тұтастығын сақтап қалуда ерен ерлікке барған Бөкей ханның әдеби, та-

рихи бейнесін ақын мейлінше көркем бейнелеген. Ақын пайымынша небір мықтылар (император, халиф, король, хан) өз биліктерін жүргізуде, көрші елдермен бейбітшілік шартын сақтауда алуан түрлі әдістерге барған. Мәселен, «Таңдандырып патшалардың талайын / Бақытты боп өткізсін деп бал айын / Ұзатылып барған елге жеткізіп / Салып берген король қыздың сарайын», сол сияқты «Көне тарих беттерінен бұл мәлім: / Ел билеген небір ұлы тұлғаның / Көршілермен тату-тәтті тұрмаққа / Аманат қып тапсырғаны ұлдарын».

Алайда жер мәселесіне келгенде ел билеуші ешқандай мәмілеге келген емес. Мықтылар әлсіздерге күш көрсетіп жерді күшпен алған соғыс болып, қып-қызыл қан төгілген. Осы ықылым замандар бойы қатаң қалыптасқан дәстүрді бұзған бір әмірші бар тарихта. Ол – қазақтың данышпан ел билеушісі Бөкей хан. Ханның данагөй бейнесін ақын былайша суреттейді:

Бөкей баба
Заман туын бұғардай,
Қадірінді келді ұрпағың ұға алмай
Дипломат жоқ өзіңдей
Мықты елден
Жер-су алған
Бірде бір оқ шығармай

Алақұйын арпалысқан,
Арбасқан
Кезде
Даңқың аңыз болып жалғасқан:
Иемдендік Еділ, Жайық арасын
Бейбіт жолмен
Бір тамшы қан тамбастан
(Zhumagaliyev, 2013: 70).
(«Бөкей хан – ұлы дипломат»)

Соқпақсыз жолда аяқтарын шалыс басқан, басынан бағы ұшқан жетім елдің сүйеуі бола білген ұлдың ерлігі – дипломатиялық кеменгерлігінде екені анық.

Ел қамын жеп,
Ұлы бабам – Бөкей хан
Император Павелмен тіл табысқан.

Өлең түйінін, ой шешімін ақын өзінше қорытады. Бұл тұжырым ұлт тұлғасының тарихтағы орнын айқындауға сеп боларында кәміл күмән жоқ. Өйткені:

Бұл орайда
Жөн болар ой топшылар,
Ұлыларды
Тарпаң тағдыр көп сынар.
Жер айырғын
Арыстанның аузынан
Бөкей хандай
Дипломат жоқ шығар...

Ақынның қоғам өміріндегі кейбір келеңсіз жәйттерге көңілі толмайтын кездері бар екендігін танытатын өлеңдері де баршылық. Мәселен, Алматыдағы «Шығыстың қос шынары» аталған Мәншүк пен Әлияға орнатылған еркерткішке тәу етуге келген кездегі көңіл құлазытар, көңілге кірбің салар суреттер ақынға тақырып болған. Аяулы Алматысын жырға қосудан талмайтын ақын:

Беу, Алматым,
Оятасың мың күйді,
Асыл бейнең
Көкірекке нұр құйды.
Қазан айы
Күн кешкірді лезде.
Сары жапырақ
Асфальт жолмен сырғиды –

деп толғанады. Өткен жастық жылдары жүрегінде жаңғырып, сүйікті қаласына жыр арнай Бас поштадан төмен қарай жүріп келе жатқан лирикалық кейіпкердің басты шаруасы: «Мен келемін / Қос батырға жетпекке, / Қос апама / Басымды иіп кетпекке / Баса-көктеп өте шықсам – / Жөн болмас / Жазғырар жұрт / «Әруақтан – шет» деп те». Алайда жөпелдемеде түн тұмшалап тұрған Әлия мен Мәншүктің тас мүсіндері көзге оңай көріне қоймайды. Дал болып, біраздан соң екі апасының ескерткішінің сұлбасын әрең шырамытқан кейіпкер ашуға бой ұрады. Өйтетін себебі де бар.

Назаландым
Күйіп-пістім кепке бұл.
(Күймей қайтсін мұнда тауап еткен ұл!)
Қос батырға
Бір шамды да қимапты...
Үнемшіл-ақ бола қапты
Текке құр!

Ашуға булыққан кейіпкер жолай кезіккен бір жігіттен «Бұл қалай?!» – деп сұрайды. Ол жігіт қарқылдап күліп жауап берді.

«Көке!
Құдай бізге қашан бақ берер?!
Бізге қашан
Әділ бастық тап келер?!
Шырақшылар көңіл бөліп қайтеді,
Селқос болса
Басшы көке, әпкелер...»
(Zhmagaliyev, 2013: 71).
(«Алматыдағы Мәңшүк пен Әлия ескерткіші»)

Қоғам дамуында болып жатырған өзгерістер мен жаңалықтарға ақын Қ. Жұмағалиев белсе-не араласып, оны поэзия тілінде өрнектеп отырады. Ақын қашанда елмен, жұртпен бірге болуды көксеген, қоршаған ортаның, заманның жақсылығы мен дәуірдің үнін танытып отыруды өзіне парыз тұтқан.

Қорытынды

Ақын қай қоғамда өмір сүрсе де, сол кезеңнің ғұмыр-тіршілігін жырға қосып, заманауи мәселелерге батыл араласып, жас ұрпақтың шатты өмірін шабыттана сөз етеді. Туған жерді

сүюдің, туған өлкені қадірлеудің озық үлгілері көп жылдар бойына ақын жырының лейтмотиві болып келеді. Отанды құрметтеудің, оның қадыр-қасиетінардақтаудың озық үлгілері ақын шығармашылығында мольнан ұшырасып, оқырманын ізгілікті істерге жетелеп отырады.

Ақынның поэзия әлеміне еніп, тағылымды туындыларымен танысқан Қалижан Бекхожин «Біздің өлең орманымызда бәйтеректерге қарап бой түзеген нелер әсем шынарлар барын сүйінішпен атап келеміз. Кейінгі кезеңдерде жұртшылыққа танылған бір топ ақындардың қатарында өз әуенімен, өз жырының гүлімен ерекше көрінген ақындардың бірі – Қайрат Жұмағалиев» – деп баға берген (Bekhozhin, 2015: 6).

Ақынның артында қалған әдеби мұрасының негізі тіні – замандас, армандас жандардың асыл қасиеттерін насихаттау, қоғамның негізгі тірегі саналатын олардың жан-дүниесіне тереңірек үңілу, мінез-құлықтарын лирика тегінің аясында сөйлету, сырластыру болып табылады.

Жалпы алғанда, рухани құндылықтарды жырлау – Қ. Жұмағалиевтің ақындық мұраты, идеялық мақсаты.

Әдебиеттер

- Әсіпов С. «Құбажон» сыйы: Қ. Жұмағалиевтің «Құбажон» атты кітабы туралы // Орал өңірі. – 1980 ж., 21 қазан. – 12 б.
Бекхожин Қ. Ұшқыр ақынның өргедең өрістері // Орал өңірі. – 2015 ж., 17 қыркүйек. – 12 б.
Белинский В.Г. Разделение поэзии на роды и виды. Собрание сочинений в трех томах. Т. 2. Статьи и рецензии. 1841-1845. – http://az.lib.ru/b/belinskij_w_g/text_0790.shtml
Жұмағалиев Қ. Ақжарма. Өлеңдер, баллада, поэма. – Алматы: Жазушы, 1974. – 140 б.
Жұмағалиев Қ. Сәске. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1976. – 396 б.
Жұмағалиев Қ. Көңілімнің сарасы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 376 б.
Жұмағалиев Қ. Күншүяк. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Астана: Елорда, 2001. – 240 б.
Жұмағалиев Қ. Кие. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: RS. Халықаралық Абай клубы, 2014. – 288 б.
Жұмағалиев Қ. Мәрт қазақ ешкімге де бас ұрмаған // Жалын. – 2013. – №9.
Чернышевский Н.Г. Полный сборник сочинений. Т. 3. – М.: Гослитиздат, 1947. – 384 с.

References

- Asipov S. (1980) «Qubajon» syiy: Q. Jumaǵaliyevtiń «Qubajon» atty kitabı tıraly [About Kubazhon book's of honor K. Zhumagaliyev] Oral óniri. 1980 j., 21 qazan. 12 p. (In Kazakh)
Bekhojin Q. (2015) Ushqyr aqynnyń órgelen óristeri [Valuable poetry field] Oral óniri. 2015 j., 17 qyrkúek. 12 p. (In Kazakh)
Belinski V.G. (1841) Razdelenie poezii na rody i vidy. Sbranie sochineni v treh tomah. [Division of poetry into genera and species] T. 2. Stati i retsenzi. 1841. http://az.lib.ru/b/belinskij_w_g/text_0790.shtml (in Russian)
Chernyshevskii N.G. (1947) Polnyi sbornik sochineni [Complete works] M: Goslitzdat, 1947. T. 3. 384 s. (in Russian)
Jumaǵaliev Q. (1974) Aqjarma. Óleńder, ballada, poema [Akzharma. Poems, ballads] Almaty: Jazyshy, 1974. 140 b. (In Kazakh)
Jumaǵaliev Q. (1976) Sáske. Tańdamaly [Saske. Optional] Almaty: Jazyshy, 1976. 396 b. (In Kazakh)
Jumaǵaliev Q. (1982) Kónilimniń sarasy. Óleńder, balladalar, poemalar [Konilimnin sarasy. Poems, ballads] Almaty: Jazyshy, 1982. 376 b. (In Kazakh)
Jumaǵaliev Q. (2001) Kúnshýaq. Óleńder, balladalar, poemalar [Kunshuak. Poems, ballads] Astana: Elorda, 2001. 240 b. (In Kazakh)
Jumaǵaliev Q. (2014) Кие. Tańdamaly óleńder [Kie. Selected poems] Almaty: RS. Halyqaralyq Abai klýby, 2014. 288 b.
Jumaǵaliev Q. (2013) Márt qazaq eshkimge de bas urmaǵan [The Kazakh people did not hit the battle] Jalyn. 2013. №9.

Onal M.N.¹, Saltakova Zh.T.²,

¹Doktor of Science, Professor of the Mugla Sitki Kocman University, Turkey, Mugla,

²doktoral student of Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: mehmetnacional@gmail.com; aibolanel_27@mail.ru

THE HISTORICITY OF KAZAKH GENEALOGY STORYTELLING (zhyr)

Genealogy storytelling (zhyr) that has survived until nowadays – is essential centuries-old oral historiography of Kazakh people passing from one generation to another, and telling about the development of Kazakh people as a coherent nation. Originally they were created in the form of genealogical tables (tree) of each clan, tribe, and then they were complemented by a variety of legends and stories which were transferred from grandparents to children, serving as a bridge between generations. Thus, this genre has reached nowadays from the depths of the centuries, and has been transmitted from fathers to their children as a testament to the descendants and can be reasonably attributed to the folklore heritage of the people and considered as an object of a scientific study. Kazakh folklore is replete with genealogy storytelling. National (historical) memory of Kazakh nation has been lingered until today mainly due to genealogy storytelling. This genre has not only kept in the memory, it has been also transformed into epic at some extent. The old genealogy tellers (shezhireshi) possess unique information on their family. It is evident that they know more than anyone else about their forefathers, outstanding personalities (batur, poets, judges, orators, etc.). Genealogy, stories about great forefathers has being passed from generation to generation through legends and storytelling. The kazakh genealogy storytelling (zhyr) mentioned in the article, has primarily taken as a subject of research.

Key words: manuscript, storytelling, genealogy, legend, version, fund, historicism.

Онал М.Н.¹, Салтақова Ж.Т.²,

¹Мугла Сьтыкы Кочман университетінің профессоры, ф. ғ. д., Түркия, Мугла қ.,

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mehmetnacional@gmail.com; aibolanel_27@mail.ru

Қазақ шежіре жырларының тарихылығы

Ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, осы күнге дейін сақталып жеткен шежіре жырлар – қазақ халқының сан ғасырлық тарихнамасы, тұтас бір ұлттың өсу-өрбу жолдары. Алдымен, әр тайпаның, рудың, аталықтың кесте шежіресі, соған байланысты аңыздар қарасөз күйінде атадан балаға жетіп, өзге нұсқалары арқылы толығып отырды. Кейін ру ақсақалдарынан естіген шежірелік жүйе мен аңыздарды ақын-жыраулар, жыршылар өлең, жырға айналдырып, ел ішіне таратып келген. Сондықтан сан ғасырлар бойы әкеден балаға үлгі-өнеге ретінде жеткен бұл жанрды фольклорлық мұраның қатарында қарастырып, зерттеуге толық негіз бар деп білеміз. Қазақ шежіреге өте бай халық. Халқымыз шежіре айту арқылы ұлттық (тарихи) жадымызды осы күнге дейін жеткізді. Бұл халық жадында ұмытылмай үздіксіз дамып, келе-келе эпикалық сипат ала бастағандығы да анық. Шежіреші қарттардың аузынан әулетіне қатысты шежіре деректерді, құнды мәліметтерді естуге болады. Шежірені бүгінгі ұрпақтарға дейін тарқату, өз руынан шыққан тарихи тұлғалар (батыр, ақын, би, шешен, т.б.) туралы шежірешіден артық ешкім білмеуі де мүмкін. Шежіре, тарихи тұлғаға қатысты деректер аңыз, жыр, әңгіме арқылы атадан балаға, баладан немере, шөбереге жалғасын тауып отырады. Мақалада сөз етіліп отырған шежіре жырлар бірінші рет зерттеу нысанына айналып отыр.

Түйін сөздер: қолжазба, жыр, шежіре, аңыз, нұсқа, қор, тарихылық.

Онал М.Н.¹, Салтакова Ж.Т.²,

¹д. ф. н. профессор университета Мугла Сыткы Кочман, Турция, г. Мугла,

²докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mehmetnacional@gmail.com; aibolanel_27@mail.ru

Историзмы казахских родословных сказаний (жыр)

Родословные сказания (жыр), дошедшие до нашего времени, – это по сути многовековая изустная историография казахского народа, передававшаяся из поколения в поколение и повествующая о путях развития казахского народа как целостной нации. Первоначально они создавались в виде родословных таблиц (древа) каждого рода-племени, затем они дополнялись различными преданиями и рассказами, передававшимися от дедов к детям, служа связующим звеном между поколениями. Таким образом, этот жанр, дошедший до нас из глубины веков, передававшийся от отцов к детям как завещание потомкам, можно с полным основанием отнести к фольклорному наследию народа и считать объектом научного изучения. Казахский фольклор богат родословными сказаниями. Национальная (историческая) память народа сохранилась до сегодняшнего дня во многом благодаря родословным сказаниям. Это жанр не только сохранился в памяти народа, но и пережил стадию развития и приобрел эпический характер. Старикисказители (шежиреши) владеют данными о семейной родословной, у них можно узнать ценную информацию. Они передают родословную своим детям, порой никто кроме них не знает историю рода, выдающихся личностей, оставивших след в истории (батыров, поэтов, би-судей, шешенострословов, и т.д.). Родословная, данные об исторических личностях передаются из поколения в поколение через сказания и рассказы. Родословные сказания (жыр), которые упоминаются в статье, впервые являются предметом исследования.

Ключевые слова: рукопись, сказания, родословия, легенда, вариант, фонд, историзм.

Introduction

One of the most important line of our oral literature and history, our spiritual values, ways of national development and prosperity are the genealogical chronicles (shezhire). The origin of the word “shezhire” supposed to mean the Arabic word “shajara” – “spur”, “chain”. The Soviet system which was in power for more than half a century considered that any person who knows his/her tribe, family line and genealogy of family line is the remnant of antiquity. Knowing own family line and teaching “seven grandfathers” is not an insensitive message, but is the sign that our historical consciousness and national memories that passing down across generations – has it’s continuation in our days. Knowledge of Kazakh people genealogy makes easy to clear the place of born of every small Kazakh child. The wise saying “Genderless is who doesn’t know own seven grandfather” supposed to mean the value of the genealogy tradition.

Experiment

Therefore, gathering genealogical chronicles among the population and publishing them, certainly would add original data to the national history of our people. If the young generation growing up in a world of globalization would know own family line and genealogy chronicles it would reflect on the

national root and the young generation would care of own history (Albekov, Alpysbaeva, Auyesbayeva, 2017: 33). Especially, the national tradition not to give in marriage if any match in seven grandfathers helps to avoid interkin union and guarantees that the familiar relationship is pure.

The scientist M. Alpyssbes studied historical and source study terms of the genealogy, thus divides into three periods the tradition of genealogy chronicles gathering:

The second half of the 15th century. Genealogies by Myhammed Khaydar Dulati (1499-1551) and Kadyrghali Jalayiri, the “Turkic genealogy” by Abelghazy Bahadurkhan (1603-1664);

- Калиткина Е.Н. Позитивное и негативное начало в анималистической характеристике антропонимов // Университетские чтения – 2011. Материалы научно-методических чтений ПГЛУ. – Часть VIII. – Пятигорск: ПГЛУ, 2011. – 158 с. – С. 25-30.
- Чейф У.Л. Значение и структура языка. – М.: Прогресс, 1975. – 432 с.
- Телия В.Н. Фразеология в контексте культуры [Текст] / В.Н. Телия. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 337 с.
- Бинович Л.Э. Немецко-русский фразеологический словарь [Текст] / Л.Э. Бинович. – М.: Аквариум, 1995. – 768 с.
- Маслова В.А. Культурно-национальная специфика русской фразеологии [Текст] / В.А. Маслова // Культурные слои во фразеологизмах и в дискурсивных практиках. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – С. 69-73.
- Словарь архаических слов // <https://eksisozluk.com/ici-burkulmak--293219>

References

- Babkin A.M. (1977) *Idiomatika (frazeologiya) v yazyke i slovare* [Idiomatics (phraseology) in language and the dictionary] Modern Russian lexicography. Leningrad: p. 4-19 (in Russian)
- Binovich L.E. (1995). *Nemetsko-ruskiy frazeologicheskiy slovar* [German-Russian phraseological dictionary] Moscow: Aquarium, 768 p. (in Russian).
- Cheyf W.L. (1975). *Znachenije i struktura yazyka* [Semantics and structure of language]. Moscow: Progress, 432 p. (in Russian).
- Kalitkina Y.N. (2011). *Pozitivnoye i negativnoye nachalo v animalisticheskoy karakteristike antroponimov* [The positive and negative beginning in animalistic characteristic of antroponyms] University readings. Part VIII. Pyatigorsk. 158 p. P. 25-30. (in Russian).
- Mirzaliyeva M. (2009). *Teoreticheskiye problemi frazeologii turkskih yazykov* [Theoretical problems of phraseology of Turkic languages]. Baku: Nurlan: 296 p. (in Azerbaijani).
- Mammadov M.B. (2005). *Filologicheskiye misli* [Philological thoughts] Baku: Nurlan: 230 p. (in Azerbaijani).
- Maslova V.A. (2004) *Lingvokulturologiya* [Cultural linguistics]. Moscow: Academiya, 208 p. (in Russian)
- Maslova V.A. (2004). *Kulturno-nasionalnaya spesifika russkoy frazeologii* [Cultural-national specifics of the Russian phraseology] Occupation layers in phraseological units and in the diskurs praticians. Moscow: Languages of Slavic culture. P. 69-73. (in Russian).
- Royzenzon L.I. (1973). *Leskii po obshey i russkoy frazeologii* [Lectures on the general and Russian phraseology]. Part I. Samarkand. 290 p. (in Russian)
- Solodub Y.P. (1990)/ *Nasionalnaya spesifika i universalniye svoystva frazeologii kak obyekt lingvisticheskogo issledovaniya* [National specifics and universal properties of phraseology as object of a linguistic research] Philological sciences. Moscow, № 6. P. 35 (in Russian)
- Slovar arkhaischeskih slov* [Dictionary of archaic words] <https://eksisozluk.com/ici-burkulmak--293219> (in Turkish).
- Teliya V.N. (1999) *Phraseology v kontekste kulturi* [Phraseology in the чтения context of culture] Moscow: Languages of Russian culture, 337 p. (in Russian).

**Исмурзина Г.Б.¹, Болгожиев Ф.²,
Қожрақова А.С.³, Аширова А.Т.⁴,**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
^{1,2,3}аға ғылыми қызметкері, Қазақстан, Атырау қ.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ⁴доценті, ф. ғ. к., Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: gulnar_ismurzina65@mail.ru, balgozhiev@mail.ru,
tolkyn_a.er@mail.ru, anara_314@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ:
ЖАҢАҢДАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

Қазақстандық БАҚ-та бүгінде қалыптасқан жағдай ақпараттық және компьютерлік технологиялардың орасан қоғамдық күшке айналғандығын, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі арта түскендігін, жауапкершілігі де ұлғайғандығын көрсетеді, жұмысты ұйымдастыруда, ақпарат жинау мен таратуда жетекші мәнге ие болғандығын шегелей түседі. Қазақстандағы БАҚ-тың болашағы да әлемдік факторларға байланысты. Керісінше, ашық саясат ол арақашықтықты жақындата түсті, кедергілерді жойды. Сонымен бірге, біздің БАҚ та өркениет болашағы үшін жауапкершіліктен сырт қала алмайды. Яғни, елімізде орын алып отырған қиындықтарды тез жеңуге, экономиканы көтеруге, экологияны, басқа да әлеуметтік проблемаларды шешуге, халықтың білімі мен мәдениетін көтеруге, басқа да рухани сұраныстарын қанағаттандыруға, ғылыми техникалық жаңалықтарды өмірге енгізуге ықпал етіп, қоғамдық күш ретінде жауапкершілікті өзіне алғанда БАҚ-тың да беделі өсіп, танымалдығы арта түседі. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді. Бүгінгі БАҚ-та қалыптасқан жағдай ақпараттық және компьютерлік технологиялардың орасан қоғамдық күшке айналғандығын, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі арта түскендігін, жауапкершілігі де ұлғайғандығын көрсетеді, жұмысты ұйымдастыруда, ақпарат жинау мен таратуда жетекші мәнге ие болғандығын шегелей түседі.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, жаһандану, ақпараттық технологиялар, жаңа заман, бұқаралық ақпарат құралдары.

Ismurzina G.B.¹, Bolgozhiev F.²,
Kozhrakova A.S.³, Ashirova A.T.⁴,

^{1,2,3}Senior lecturer of H. Dosmukhamedov Atyrau State University, Kazakhstan, Atyrau,

⁴Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail: gulnar_ismurzina65@mail.ru, balgozhiev@mail.ru,
tolkyn_a.er@mail.ru, anara_314@mail.ru

**Kazakhstani media: globalization and
modernization of public consciousness**

The current situation in the Kazakhstan media shows that information and computer technologies have become a huge social force, their role in shaping public awareness, raising and responding to a strong sense of responsibility for organizing work, collecting and disseminating information. The future of Kazakhstani media also depends on global factors. On the contrary, open politics approached distance and removed barriers. At the same time, our media cannot be held responsible for the future of civilization. That is, the media that are responsible for quickly overcoming difficulties in the country, raising the economy, solving environmental problems, other social problems, improving people's knowledge and culture, satisfying other spiritual needs, introducing scientific and technological innovations. We see that reputation and popularity are growing. Although there is no place for media in the government, the political process cannot be overestimated. With the advent of electronic media today, this social institution has radically changed all aspects of society and political power. The current situation in the media

shows that information and computer technologies have become a huge social force, their role in shaping public awareness, increasing responsiveness and a strong sense of responsibility for organizing work, collecting and disseminating information.

Key words: modernization of public consciousness, globalization, information technology, the media.

Исмурзина Г.Б.¹, Болгожиев Ф.²,
Кожракова А.С.³, Аширова А.Т.⁴,

^{1,2,3}ст. преподаватели Атырауского государственного университета
им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау,

³к. ф. н. доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: gulnar_ismurzina65@mail.ru, balgozhiev@mail.ru,
tolkyn_a.er@mail.ru, anara_314@mail.ru.

Казахстанские СМИ: глобализация и модернизация общественного сознания

Нынешняя ситуация в казахстанских СМИ показывает, что информационные и компьютерные технологии стали огромной социальной силой, их роль в формировании общественного сознания, повышении и реагирования сильном чувстве ответственности за организацию работы, сбор и распространение информации. Будущее казахстанских СМИ также зависит от глобальных факторов. Напротив, открытая политика уменьшила расстояние и устранила барьеры. В то же время наши СМИ не могут нести ответственность за будущее цивилизации. То есть средства массовой информации, которые отвечают за быстрое преодоление трудностей в стране, подъем экономики, решение экологических проблем, другие социальные проблемы, повышение знаний и культуры людей, удовлетворение других духовных потребностей, внедрение научно-технических инноваций. Мы видим, что репутация и популярность растут. Хотя в правительстве нет места для СМИ, политический процесс невозможно переоценить. С появлением электронных СМИ сегодня этот социальный институт радикально изменил все аспекты жизни общества и политической власти. Нынешняя ситуация в средствах массовой информации показывает, что информационные и компьютерные технологии стали огромной социальной силой, их роль в формировании общественного сознания, повышении реагирования и сильном чувстве ответственности за организацию работы, сбор и распространение информации.

Ключевые слова: модернизация общественного сознания, глобализация, информационные технологии, средства массовой информации.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының бірінші президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаһандану дәуіріндегі қазақстандық мәдениеттің бүгінгі мен болашағына үлкен мән береді: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек» деген Елбасымыздың алтын қаламмен жазылған алтын сөздерінің өзінде қаншама мағына жатқаның бірі білсе, бірі білмес. Бұл Жолдауға дейінгілердің ішінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының ХІІ сессиясында сөйлеген сөзінде: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік

үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім», – деп пайымдайды. Ұлт көшбасшысы қазақстандық патриотизм сияқты ұлт табысының маңызды құрамдасына тоқталып кетеді. «Бұл өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаньш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өз салаңда табыстарға қол жеткіз уиеті. Және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді, әсіресе жастардың арасында, біздің балалардың бойында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Біздің әр азаматтың табысы және халықаралық тұрғыда мойындалуы – бұл баға жеткізгісіз капитал, барша қазақстандықтардың мақтана-

тын нәрсесі және байлығы екендігі сөзсіз. Осындай үлгілермен ұлттың рухын көтеру керек! Өз Отаныңның патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын» (Nazarbaev N.Á., 2006: 9).

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан, патриоттық сезім, рухани жаңғыру жаһандану тағы сол сияқты әрбір Жолдауда кездесіп, қайта қайта жастарға айтылып жатқаны бекер емес. Қазақстан отыз жылда тоталитарлық жүйенің сенің бұзып, әлемдік өркениет көшіне ілесуге, ашық демократиялық саясат жүргізуге бет алды және бұл бағытта үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қоғаммен бірге бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі өзгерді. Ең бастысы, Қазақстанда өркениет талаптарына жауап беретін заңдық-құқықтық база жасалды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар...» (Qazaqstan Rýspýblikasynyń Konstıtútsıyası, 1998: 19) делінген. Яғни, азаматтардың сөз, пікірін айту бостандығы Ата Заңымызда басты қағидалардың бірі ретінде тасқа таңба басқандай жазылып, мемлекет тарапынан қорғалуда. Бұл тұжырымдар Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында да таратылып көрсетіледі: «2-бап. Сөз, ақпарат алу және тарату бостандығы. Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тиым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен м.ддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» (Bıqaralyq aqparat quraldary túraly Zańy, 1999: 53). Сонымен бірге, БАҚ дамуына ашық, нарық саясаты, іс-әрекет бостандығының берілуі де оңды әсер етті. Журналистердің психологиясы түбегейлі өзгерді, жаңа еңбек қатынастарының алғышарты түзілді, жекеменшіктік орта қалыптасты. Қазақстан журналистикасындағы өтпелі кезең артта қалды деп ой тұжырымдауға болады.

БАҚ дамуының алғышарттары мен белгілері мыналар:

- жаңа БАҚ ашу тіркеумен ғана шектелді, сөз бостандығына жол ашылды;
- әлемдік ақпараттық ортаға интеграциялану күшейді;
- мемлекеттік монополия жойылды;
- жекеменшіктік қатынас және бәсекелестік орнықты;
- баспа, техника мен технологиялар, шикізат, құралдар нарығы қалыптасты;
- жаңа мамандар: менеджерлер, журналистер, баспагерлер, режиссерлер, продюсерлер, жарнама және басқа да БАҚ-қа қызмет ететін салалар мамандары қалыптасты;
- инновациялық сапалық көрсеткіштерге алып келді: ақпараттардың ұшқырлығы артты, газет-журналдардың мазмұнымен қоса полиграфиялық сапасы жақсарды, жаңаша дизайн қалыптасты, қаріптерді кең, әрі құбылта пайдалану жүзеге асты, суреттер көп қолданыла бастады, жаңа типті фотоколлаждар дүниеге келді, безендіру элементтері байытылып, көркемдеу стилі мен бағыттарының сан түрі қолданысқа енді;
- телерадиохабарларын даярлауда да жаңа технологиялар кең шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашты;
- жұмысты ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдері өмірге жолдама алды;
- Интернет пен электрондық почта кең қолданысқа еніп, БАҚ-тың шекарасын кеңейтуге ықпал етті, ақпараттық желілік Веб-сайттар жүниеге келді;
- жарнама саясаты түбегейлі өзгерді;
- жаңа БАҚ қожайындарына табыс әкелетін бизнес көзіне айналды.

Ақпараттық технологияларды дамыту Қазақстан Республикасының даму стратегиясында қарастырылған жетібасым бағыттардың бірі болып саналады. Оның «Инфрақұрылым» бөлімінде мына міндеттер қойылады: «Ақпараттық технологиялар, оның басқа түрлерімен салыстырғанда, өз мәнісі жағында неғұрлым «көпшіл» әрі икемді бола отырып, бизнесті, экспорттық қызметті дамытуға және экономиканы орталықсыздандыруға барынша жәрдемдеседі. Олар ұлттық экономиканың шоғырландырады және аймақтың ауқымын кеңейте отырып, әлемдік экономикалық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар телекоммуникациялар жаңа жұмыс орындарын бере отырып, ауылдық және қалалық аймақтардың арасындағы экономикалық көші-қонды азайта отырып, әлеуметтік саладағы кереғарлықтар мен келеңсіз құ-

былыстарды азайтуға барынша жағдай жасай алады. Ақпараттық технологиялардың денсаулық сақтау мен білім беру салалары үшін, сондай-ақ айналадағы ортаны жақсарту үшін маңызына баға жеткісіз. Баршаның пайдалануы ортақ әрі толығымен іске қосылған телекоммуникациялық жүйенің келесі бір жақсы жағы – жолдың ауырлығына, жекелеген аймақтардың алыстығына және жолаушы тасымалы бағасының қымбаттығына қарамастан, күллі жұртқа ақпарат алуға мүмкіндік беретін кепілдігінде жатыр» (Nazarbaev N.A., 1998: 19). Яғни, Қазақстан аймақтық ерекшеліктерін ескеріп, оларды жақындастырудың бірден-бір мүмкіндігі ретінде жаңа технологиялар қарастырылады.

Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктің қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді.

Эксперимент

Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», – деген. Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, апаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдау шыға бір жақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркімділігі.

1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады (Qazaqstan entsiklopediasy, 2002).

БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айнала-сындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік

тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады (Samatqyzy S., <http://kazgazeta.kz/?p=4978>).

Адамзат тарихы әуел бастан және көптеген мысалдар барысында тілдің тек коммуникацияның жай негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы екендігін де дәлелдеп келеді... Тіл, ең алдымен, нақты бір ұлттың мәдени-тарихи тәжірибесінің жиынтығы, ерекшелік белгісі және тұрақты атрибуты, күрделі бірегейлік рәміз және оның өзін-өзі өркениеттік анықтауының бастауы».

Одан ары бұл автор Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің жағдайына тоқталып, тілді жаңғыртудың ұлтты жаңғырту екендігін, қазақ тілінің аясының кеңеюіне орай тіл саясатын жүргізу қажеттілігін, мемлекеттік-тілдік құрылыстың өзекті мәселерін талдай келе, «тілдік манкуртизмнің тұтас қоғамды емес, эгоистік және тұтынушылық желіктің жетегіндегі нақты адамдардың адамгершілік кертартпалылығын және рухани жеңілісін білдіретін ұят құбылыс» деп көрсетеді және терминологиялық модернизацияда «Алаш» қайраткерлерінің тәжірибесін пайдалануды еске салады: «Мағжан Жұмабаев педагогика саласында, Жүсіпбек Аймауытов психологияда, Халел Досмұхамедов зоология мен физиологияда, Жұмахан Күдерин ботаника саласындағы терминдерді жасақтаумен айналысты. Әлімхан Ермеков математикалық ұғымдар мен терминдерден бастап, жоғары математика курсының қазақ тіліндегі тұтас жүйесін жасап шықты» (Күлі-Мұхаммед М., 2004).

Қазақстандағы БАҚ-тың дамуы Қазақстан халқы Ассамблеясының үшінші сессиясы 1996 жылдың 29 сәуірінде өтті және ондағы елбасының баяндамасы «Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуының негізі» деп аталды. Онда «Қазақстанның азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуі керек және оны оқып-білуге дайын болуы керек, өйткені бұл – ел тұрғындарының көпшілігінің ана тілі әрі ол болашақта мемлекеттік тіл ретінде үстемдік ететін болады» (Nazarbaev N.A., 2009: 9). Одан әрі келесі, төртінші сессиядағы баяндама «Тарихи жады, ұлттық келісім және демократиялық реформалар – Қазақстан халқының азаматтық таңдауы» деп аталды да, Президент мынаны атап өтті: «Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлі туралы айту керек. Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға

сыйланған тағдырдың тартуы емес, күреспен келген өз ата-бабасынан қалған жерінде өз мемлекеттілігін құруға деген лайықты құқығы. Бұл кесімді тарихи және саяси айғаққа ешкім де күдік келтіре алмайды» (Nazarbaev N.A., 2009:11).

Қазақстан халқы Ассамблеясының 1999 жылдың 21 қаңтарында өткен бесінші сессиясында Елбасы былай дейді: «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ішкі терең қажеттілігін қайта бағалау өте қиын. Ол ел тұрғындарының абсолюттік көпшілігін құрайды және өзінің тарихи-этникалық территориясын мекен етеді. Өзінің жалғыз тарихи Отанын үнемі қорғайтын қазақ халқының арқасында ғана қазақстандықтар территориясы жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекетте тұрады» (Nazarbaev N.A., 2009: 15).

Нәтиже мен талқы

Қазақстан – Тәуелсіздік дәуірінің алғашқы жылдарынан бастап баспасөз саласындағы халықаралық беделді құжаттардың аясында БАҚ-тың еркіндігін қамтамасыз етіп келе жатқан мемлекет. Ата заңымыз және Республика Президенті – ақпарат құралдары бостандығының кепілі. Осы орайда БАҚ-ты құруда болған қиындықтарға тоқталар болсақ, қоғамдар алмасып, нарықтық экономикалық қатынастар орныға бастаған тұстан бергі уақытта БАҚ саласындағы өзгерістермен сараласақ, ақпарат көздерінің даму сатыларын үш кезеңге бөлуге болады.

Біріншісі кезең. Жалғыз идеологияның пәрменінде болып келген біртұтас ақпарат жүйесінің ыдырауы және қаржылық, идеялық тоқырауға ұшырауы.

Екінші кезең. Ақпарат әлемінің мемлекеттік және жекеменшік түрінде қайтадан қалыптасуы, кәсіпкерлік баспасөздің құрылуы.

Үшінші кезең. Еліміздегі экономикалық-әлеуметтік, мәдени реформалардың тереңдеуіне сәйкес әлемдік ақпараттың республиканың эфирлік кеңістігіне енуі және Қазақстанның ғаламдық ақпарат айдынына талпынысымен сипатталады.

Алғашқы кезеңдердің қиындыққа толы болғаны белгілі. Сол күрделі тұста Республика Президенті жаңа қоғамға ақпараттық берік демеу керектігін ойлап, баспасөздің беделін және ел мен мемлекет алдындағы жауапкершіліктің жоғары екендігін сезінді. Президент 1998

жылдың 3-шілдесінде БАҚ-ты өндірістік және тарату кезіндегі қосымша құн салығынан босату туралы Жарлыққа қол қойды. Республика 1991 жылдан бері қарай ақпарат құралдары туралы заңнаманы ұдайы жетілдірумен болды. Осы жылғы 28-тамызда «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң қабылданды. Ол елімізде мемлекеттік емес БАҚ-тың пайда болуына және жедел дамуына қолайлы жағдай туғызды. Ақпарат әлемінде бәсекелестік орнады. Баспасөз бен эфирлерге жаңа мазмұн берген ірі медиа бірлестіктер өмірге келе бастады.

Халықтың ақпарат алу және талдау мүмкіндігі молайды. Енді осы оң үрдісті одан әрі дамытудың құқықтық негіздері қажет бола бастады. Осыған орай, елбасы 1997 жылы 3-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлыққа қол қойды. Президенттің тапсыруымен жылы жаңа заң күшіне енді. Көп ұзамай, 2001 жылы оған елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы заңдардың қай-қайсы да БАҚ-ты демократияландыру, әлемдік талаптарға сай жетілдіру және саясаттан тыс дамуына жол ашу үшін арынша тиімді болғаны ерекше атап айту керек.

Бастау бұлағы сонау көне Түрік заманынан бастау алып, Алаш қозғалысынан терең тамыр тартатын, байырқалайтын тұсы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісімен тұйықталатын тағлымы зор тарихи бірізділігімен ерекше Ұлттық идея – Алаш идеясының бүгінгі жаңа буын, жас ұрпаққа берер сабағы мен философиялық салмағы, әлеуметтік қуаты жоғары. Бұл ретте тарихи тұрғыдан тәрбиелеу мәселесі, атап айтқанда, сол аға буынның қабырғасын «Қазақ елі – мәңгілік ұлттық идея. Мазмұнын ашуда тың түсініктер керек, олардың біразын атап айтсақ: өркениеттік өлшем, өркениеттік шешім, өркениеттік келісім, өркениеттік ізденіс, өркениеттік сана, өркениеттік тұрмыс, әлем халықтарының өркениеттік үрдістерін қабылдай білу және соған бейімделе отырып, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашу, соның нәтижесінде Президент Нұсұлтан Назарбаев көрсеткендей, әлемдегі өркениетті елу елдің қатарына ену».

Одан әрі академик ойын былайша жалғастырады: «Қазақ елі – мәңгілік ұлттық идея. Елдің мәңгілігін армандаудан асқан қандай асқақ идея болмақ. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Сондықтан бұл болашаққа бастайтын, келешек-

ке деген нық сенім қалыптастыратын идея. Сонымен бірге, қазақ елі мәңгілік деу – ұрпақтар алмасуына, олардың сабақтастығына, солармен бірге халықтың табиғи құндылықтарының жасампаздығына деген сенім. Осылай дей отыра, қазақ елі – мәңгілік дегенде, біз бүгінгі бар тарихымыздың баяндылығы туралы қалыптасатын байсалды сана туралы айтпақпыз» (Esim Ğ., 2006).

Жетістігің бар болса, желпінтіп айтсаң да, жалауларып айтсаң да жарасады. Қазақстанда БАҚ-ты саяси-экономикалық даму сатыларына сәйкес жетілдіру үрдісі осылай ұдайы жүріп жатты. Тұжырымдамада мына маңызды міндеттерге айрықша назар аударылды және жүзеге асырылу жолдары белгіленді:

1. Ақпарат саласы мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру.

2. Отандық және мемлекеттік БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

3. Ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту. Сандық теледидарды енгізу.

Осы үш міндеттің бәрі республикадағы барлық сипаттағы БАҚ-тың одан әрі өркендеуіне айрықша ықпал етуде.

БАҚ-тың «төртінші билік» болып саналатынын жоғарыда да айтқан болатынымыз. БАҚ еркіндігі адам бостандығының маңызды алғы шарты болып және қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылық екені даусыз. Себебі, бұқаралық ақпарат еркіндігіңіз, яғни сөз еркіндігіңіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін емес. Демек, тәуелсіз қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен оның демократия үшін маңыздылығын зерттеп, ескеруіміз тиіс.

БАҚ қызметі өткен, болып жатқан және алдағы уақытта болатын әлеуметтік өзгерістер жөнінде тәжірибелі түсініктерге негізделе отырып, қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі, төртінші билік – бұқаралық ақпарат билігінің құдыреті күшті, оны ешкім ешнәрсемен теңестіре алмайтынына дау жоқ.

Билікке оппозицияда жүрген қоғам қайраткері Дос Көшім мемлекеттік саясаттағы ұлтсыздық идеологиясына назар аударса (Kóshim D., 2002), Берік Әбдіғалиев пен Асқар Ахмеджанов ұлттық идеяны «қазақ миссиясынан» көреді (Abdygaliev B., Ahmedjanov A., 2009: 212). «Қазақ миссиясы» қазақ ұлтының жаңару (модернизация) тұжырымдамасын білдіреді және бұл құжатта «қазақ арманы», «қазақ тағдыры», «қазіргі

қазақ болмысы» сөз болады және «қазақ миссиясы» тарихи тұрғыда соңғы сатысы азаматтардың саяси ұлтының құрылуы болып табылатын ұлттық өзіндік сананың қалыптасу кезеңі ретінде» қарастырылады.

Қазіргі таңда тек қана Қазақстанда емес, әлемнің көптеген елдерінде сауда мен өндіріске негізделген БАҚ – адамгершілік және моралдық құндылықтарға емес, экономикалық пайда жағын алға тартуда.

Қорытынды

Қазақ баспасөзінің болашағы туралы сыншы Әлия Бөпежанова жаңашырлықпен былай деген екен: «Әлемдік өркениетке көшін бұрған Қазақстанның баспасөзі үшін қазіргі қиын кезең артта қалып, ақпарат ең құнды байлыққа айналатын, ал журналистиканың жасампаздыққа, ел игілігіне, азаматтардың еркін ақпарат кеңістігінде күн кешіп, көкжиегін кеңейтуіне қызмет етіп, еңбегі жоғары бағаланып, мәртебелі мамандыққа айналатын күн туар» (Bópejanova Á., 2000: 260).

Бүгінді БАҚ-та қалыптасқан жағдай ақпараттық және компьютерлік технологиялардың орасан қоғамдық күшке айналғандығын, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі арта түскендігін, жауапкершілігі де ұлғайғандығын көрсетеді, жұмысты ұйымдастыруда, ақпарат жинау мен таратуда жетекші мәнге ие болғандығын шегелей түседі.

Ғалым А. Сәрсенбаев Қазақстандық БАҚ-та қалыптасқан жағдайға талдау жасай келіп, ақпараттық нарықта үш субъект қалыптасқандығын баса көрсетеді: оқырман – редакциялық ұжымдар – меншік иелері (шығарушылар) (Sarsenbaev A., 1996: 368). Міне, осы үшеуінің ара қатынасы біркелкі деп айту қиын, плюрализм басым. Нарық заңдылығына сәйкес ол қатынастардың тұрақтануы әр түрлі мерзімге созылуы мүмкін және ұдайы ұйып тұруы да міндетті емес. Қазақстанның ақпараттық нарығында динамикалық үрдістер, нарықтық құндылықтар берік орнықты. Осының өзі БАҚ-тың даму үстінде екендігін көрсетеді.

Қазақстандық БАҚ-қа қатысты мына бір проблеманың да мәні зор. Ол меншік иелеріне қатысты. Мемлекеттік монополияның жойылуына байланысты, газет журналдардың, телерадиоарналардың, баспалардың қожайындары да өзгерді. Өкінішке орай, осы арада демократиялық айқындылық принципі сақталды

деп айту қиын. Әңгіме сапалы басылымдар туралы болып тұр. Бұрыннан халыққа кең танымал БАҚ-тардың жаңа заңды формаларға көшкенімен, кім, қалай басқаратындығы, қаржы көздері, жарнама бюджеті туралы мағлұматтар жоқ. Жабық акционерлік қоғамдар мен әр түрлі бірлестіктердің аты қарапайым оқырман, көксермен тыңдарманға еш мағлұмат бермейді. Мұның өзі олар тарататын ақпараттың оқырман үшін сенімділігіне тікелей әсер ететін фактор екендігін де ұмытуға болмайды. Біздің масс-медианың қандай топтарға, болмаса күштерге сүйенетіндігін, ақпарат көздерін қақдан алатындығы мен техникалық және технологиялық мүмкіндігін білуіміз өркениет талаптарына сай факторлар.

Қазақстан БАҚ болашағы да әлемдік факторларға байланысты. Керісінше, ашық саясат ол арақашықтықты жақындата түсті, кедергілерді жойды. Сонымен бірге, біздің БАҚ

та өркениет болашағы үшін жауапкершіліктен сырт қала алмайды. Яғни, елімізде орын алып отырған қиындықтарды тез жеңуге, экономиканы көтеруге, экологияны, басқа да әлеуметтік проблемаларды шешуге, халықтың білімі мен мәдениетін көтеруге, басқа да рухани сұраныстарын қанағаттандыруға, ғылыми техникалық жаңалықтарды өмірге еңгізуге ыңпал етіп, қоғамдық күш ретінде жауапкершілікті өзіне алғанда БАҚ-тың да беделі өсіп, танымалдығы арта түседі.

Әлемдік журналистика мен Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары бір вектордағы құбылыс, оны бөле қарай немесе басқа да өлшем болуы мүмкін емес. Қазақ журналистикасының эволюциясы осы бағытта қалыптасып келеді, оның нақты жемістері де көп күттірмейтіні анық. Оған бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс қарқыны да қосымша демеу беріп, қамшылай түсуде.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық. Егемен Қазақстан. – Алматы, 2006. – 25 қазан.
 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1998. – 19 б.
 Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. Заң газеті. – Алматы, 1999. – 11 тамыз.
 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы, 1998. – 19 б.
 Қазақстан энциклопедиясы. «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» баспасы. – Алматы, 2002. – 621 б.
 Саматқызы С. «БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы», 03.12.2010 ж. <http://kazgazeta.kz/?p=4978>
 Кул-Мухаммед М. Основы национального бытия. Казахстанская правда. – Алматы, 2004. – 20 августа.
 Назарбаев Н. Консолидирующая роль казахов. Қазақалманағы. №01.- 2009. – 9 б.
 Назарбаев Н. Консолидирующая роль казахов. Қазақалманағы. №01. – 2009. – 11 б.
 Назарбаев Н. Консолидирующая роль казахов. Қазақалманағы. №01. – 2009. – 15 б.
 Есім Ф. Елдік сана философиясы. Егемен Қазақстан. – Алматы, 2006.
 Көшім Д. Ұлтсыздық идеологиясы. Жас Алаш. – Алматы, 2002. – 8 қазан.
 Абдығалиев Б., Ахмеджанов А. Казахская миссия. Қазақ альманағы. № 01. – 2009. – 212-238 бб.
 Бөпежанова Ә. Қазақстан баспасөзі – тәуелсіздік айнасында.- Алматы, 2000. – 260 б.
 Сарсенбаев А. Проблемы и приоритеты информационного обеспечения реформ и устойчивого развития Казахстана. – Алматы, 1996. – 368 с.

References

- Abdygaliev B., Ahmedjanov A. (2009) Kazahskaya missiya. [Kazakh mission]. Qazaqalmanaғы. 212-238 bb. (In Russian)
 Bópejanova Á. (2000).Qazaqstanbaspasózi – táýelsizdikainasynda. [The Kazakh press is a mirror of independence]. Almaty, 260 b. (In Kazakh).
 Esim Ğ. (2006). Eldiksanafilosofiasy. [Country conscious philosophy]. Egemen Qazaqstan. Almaty. (In Kazakh).
 Kóshim D. (2002).Ultsyzdyqideologiasy. [Ideology of nationalism]. Jas Alash. Almaty. (In Kazakh).
 Kúl-Mýhammed M. (2004). Osnovy natsionalnogo bytiya. [Fundamentals of national life]. Kazahstanskaia pravda. Almaty. (In Russian)
 Qazaqstan Rýspýblikasynyń Konstitýtsiasy. (1998). [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Almaty, 19 b. (In Kazakh).
 Qazaqstan Respýblikasynyń Buqaralyq aqparat quraldary týraly Zańy. (1999). [The media law]. Zańgazeti. Almaty. (In Kazakh).
 Qazaqstan entsiklopediasy. (2002). [The Encyclopedia of Kazakhstan]. «Qazaqulttyq entsiklopediasy» baspasy. Almaty, 621 b. (In Russian)

Nazarbaev N.Á. (2006). Árqashan birge, árdaym alda bolayq. [Always together, always ahead]. Egemen Qazaqstan. Almaty, 25 qazan. (In Kazakh).

Nazarbaev N.Á. (1998). Qazaqstan-2030. [Kazakhstan-2030]. Almaty, 19 b. (In Kazakh).

Nazarbaev N.A. (2009). Konsolidırıyaia rol kazahov. [The consolidating role of the Kazakhs]. Qazaq almanagy, 9 b. (In Russian)

Nazarbaev N. A. (2009). Konsolidırıyaia rol kazahov. [The consolidating role of the Kazakhs]. Qazaq almanagy, 11 b. (In Russian)

Nazarbaev N. A. (2009). Konsolidırıyaia rol kazahov. [The consolidating role of the Kazakhs]. Qazaq almanagy, 15 b. (In Russian)

Samatqyzy S. (2010). «BAQ degenimiz – memlekettik ideologıa quraly». [Media is a tool of state ideology]. <http://kazgazeta.kz/?p=4978> (In Kazakh).

15 Sarsenbaev A. (1996). Problemy i priority informatsionnogo obespechenıa reform i ýstoichivogo razvıtıa Kazahstana. [Problems and priorities of information support for reforms and sustainable development of Kazakhstan]. Almaty, 368 s. (In Russian)

Мажитова Л.К.¹, Нурланова Н.Н.², Гиляжева Э.И.³,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
^{1,2,3}аға ғылыми қызметкері, Қазақстан, Атырау қ.,
e-mail: lazzat-064@mail.ru, k.n.n.a.a@mail.ru, ilmira8381@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БАҚ-ТАҒЫ ҚАЗАҚ ДИЗАЙНЫНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ (КОГНИТИВТІ) ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан он жылда тоталитарлық жүйенің сеңін бұзып, әлемдік өркениет көшіне ілесуге, ашық демократиялық саясат жүргізуге бет алды және бұл бағытта үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қоғаммен бірге бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі өзгерді. Ең бастысы, Қазақстанда өркениет талаптарына жауап беретін заңды-құқықтық база жасалды. Әлемдік журналистика мен Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары бір вектордағы құбылыс, оны бөле қарау немесе басқа да өлшемдердің болуы мүмкін емесі анық. Қазақ журналистикасының эволюциясы осы бағытта қалыптасып келеді, қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ дизайнының когнитивті және эстетикалық аспектілерін ашуда қолданылатын көптеген әдістер мен тәсілдердің бар болуы, оның қазіргі заманға сай қолданылуында. Оған бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс қарқыны да қосымша демеу беріп, қамшылай түсуде. Сонымен бірге, БАҚ дамуына ашық, нарық саясаты, іс-әрекет бостандығының берілуі де оңды әсер етті. Журналистердің психологиясы түбегейлі өзгерді, жаңа еңбек қатынастарының алғышарты түзілді, жаңа ақпараттық құралдары пайда болды, инновациялық жаңалықтар мен жекеменшіктік орта қалыптасты. Қазақстан журналистикасындағы өтпелі кезеңі артта қалумен жаңа жетістіктерге күннен күнге жетіп жатқанымызға көз жеткізуімізге болады.

Түйін сөздер: лингвомәдениет, журналистика, әлемдік факторлар, бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық технологиялар.

Mazhitova L.K.¹, Nurlanova N.N.², Gilazheva E.I.³,

^{1,2,3}senior lecturer of H. Dosmukhamedov
Atyrau State University, Kazakhstan, Atyrau,
e-mail: lazzat-064@mail.ru, k.n.n.a.a@mail.ru, ilmira8381@mail.ru.

Art directions of the development of Kazakh literature in the XIX century

For decades, Kazakhstan has broken the totalitarian system, pursued global civilization, pursued an open democratic policy and achieved great success in this direction. Together with the society, the media has radically changed. Most importantly, Kazakhstan has created a legal framework that meets the requirements of civilization. Global journalism and Kazakhstani media can be a vector phenomenon; it cannot be divided according to other criteria. The evolution of Kazakh journalism is developing in this direction, and its obvious fruits are too great. The pace of modern scientific and technological progress is also encouraging to improve quality. At the same time, the development of open media, market policy and freedom of action also had a positive impact. The psychology of journalism has radically changed, new prerequisites for labor relations have been created, a private environment has been formed. It can be concluded that the transition period in journalism in Kazakhstan is far behind.

Key words: linguistic culture, journalism, global factors, media, information technology.

Мажитова Л.К.¹, Нурланова Н.Н.², Гиладжева Э.И.³,
^{1,2,3}ст. преподаватель Атырауского государственного университета
им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау,
e-mail: lazzat-064@mail.ru, k.n.n.a.a@mail.ru, ilmira8381@mail.ru.

Когнитивно-эстетические аспекты казахского дизайна в современных средствах массовой информации

На протяжении десятилетий Казахстан вышел из тоталитарной системы, преследовал глобальную цивилизацию, проводил открытую демократическую политику и достиг больших успехов в этом направлении. Вместе с обществом радикально изменились и СМИ. Самое главное, что в Казахстане создана правовая база, отвечающая требованиям цивилизации. Очевидно, что мировая журналистика и средства массовой информации Казахстана не могут быть явлениями в одном векторе, его разделением или другими критериями. Эволюция казахстанской журналистики развивается в этом направлении, доступности многих методов и приемов, используемых при раскрытии познавательных и эстетических аспектов казахстанских СМИ в современных средствах массовой информации, в их современном применении. В то же время, развитие открытых СМИ, рыночная политика и свобода действий также оказали положительное влияние. Психология журналистики радикально изменилась, появились новые предпосылки для трудовых отношений, появились новые информационные инструменты, новаторские новости и частная среда. Мы можем быть уверены, что с переходным периодом в журналистике в Казахстане мы сегодня достигаем новых высот.

Ключевые слова: лингвокультура, журналистика, глобальные факторы, средства массовой информации, информационные технологии.

Кіріспе

Бүгінгі таңдағы әлеуметтік мәдени таным және ұлттық мәдени таным мен таңбалар жиынтығын зерттеу лингвомәдени таным, этнолингвистика айналысатын нысандардың өзегі болып табылады. «Лингвомәдениеттанудың ең негізгі әрі басты категориясы – элем бейнесі ұғымы. Жеке-леген адам үшін, кеңінен қарастырғанда, этнос үшін өте маңызды ұғымдар мен концептілерді тану – ғылым саласы ретіндегі мәдениеттанудың басты мақсатын айқындайды. Бұл қаншалықты анықтала түскен сайын, қолданыстардың ұлттық-танымдық концептуалдануының әлемдік тілдік бейнесімен байланыста болуының себебі де соншалықты түсінікті бола түседі. Ұғым мен концептілерді танып білудің негізінде олардың қандай тілдік таңбалармен таңбаланатынына назар аудару жатады», – дейді ғалым Б. Момынова (Момынова В., 2008: 256). «Тілдік таңбалардан көрініс беретін мәдени дүниетаным ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, этностың өзін қоршаған дүниені мәдениет тұрғысынан тану процесінде қалыптасқан жаңа қоғамның санасына жетуі тиіс» (Телпа V.N., 1997: 217) екенін ескерсек, бұл құбылыс тіл мен мәдениетті сабақтастықта зерттеуге негіз болады. Тіл мен мәдениет сабақтастығы адамдар ұжымының әлеуметтік әлеуетіне (потенциал) сай халықтың тілдік санасымен, ментальдық ерекшелігімен тікелей байланысты. Мәдениетті таңбалаушы тілдік

бірліктер халықтың танымын, рухын, дінін, ділін, ұлттық психологиялық ерекшелігін танытады. Мұндай ерекшеліктер бұқаралық аппарат құралдарының беттерінде кездеседі. Олар тіл мен мәдениет арасындағы философия, социология сияқты ғылымдардың тоғысын таныта келіп, лингвомәдениеттанымдық көрсеткішке айналды.

Әлем халықтары мәдениеттерінің ежелгі замандардағы шығармашылық мұраларынан бастап қалыптасқан рухани меншіктілік категориясы. Авторлық қазіргі уақытта рухани мәдениет, қоғамдық-әлеуметтік орта, құқықтық қарым-қатынастар аясында ғылымдық мәні бар кең ұғымдағы сөз. «Автордың бейнесі», «авторлық қолжазба», «авторлық қолтаңба», «авторлық таблицалар», «авторлық келісім-шарт», «авторлық құқық», «авторлық куәлік» және т.б. мемлекеттік-ресми атаулар бұл ұғымның қолданыс аясының кеңдігін көрсетеді. Қоғамдағы материалдық және рухани мәдениет салаларындағы сан алуан шығармашылық қызметтерге байланысты қолданылатын авторлық категорияның маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде.

Көркемөнер туындыларын жасаудағы шығармашылық туындыгерлік тұлғасы өзі дүниеге келтірген шығармасы арқылы танылады. Жеке адамға тән сезім толғаныстары иірімдері, өзінің өмір тәжірибелері мен қоршаған ортаға арналған дүниетаным көзқарастары шығарманың өмірта-

нытқыш мазмұнын жасайды. Әдебиет-мәдениет мазмұнды иеленген өнер туындысындағы автор тұлғасының танылуы мағынасында туындыгер мен оны қоршаған адамдар ортасы арасындағы объективті-субъективті психологиялық қарым-қатынастар бар. Автор тұлғасы көркем әдебиеттің негізгі табиғатын танытатын эстетикалық танымдық ерекшелік. Қазақ сөз өнерінің тарихын әдеби процесс категориясының аясында түсіну үшін әдеби шығармалардағы автордың өзіндік тұлғасының даралана танылу құбылысына назар аударылады.

Адамдар өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға баға берсе, бағалау тек заттар емес, адам өзі танып білген кез-келген нәрсенің жақсы-жаманын, пайдасын, зиянын ажырата білуінен де көрініс табады. Бағалау адамдардың ойлану процесінен пайда болады. Ойлану түрлі тәсіл, амал операциялардан тұрады. Олар: анализ (талдау), синтез (жинақтау) жалпылау, нақтылау, абстракциялау, жүйелеу т.б. (Jaғұбаев Q. Tabyldiev Á., 1994: 144).

Бағалауыштық құрылым бағаланып отырған заттың адам өміріндегі маңыздылығымен өлшенеді. Егер заттың бағасы жалпы халықтың күнделікті тыныс-тіршілігіне сай өлшенсе, ол затқа берілген атаулар тілде ақпарат құралы ретінде жұмсалады. Егер затың бағасы халықтың тыныс тіршілігімен байланысты болып, белгілі бір ұлттың мәдени өміріне қатысты таптауырындар (стереотип) түрінде берілсе, ол затқа берілген атаулар әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпы мен әдебін танытатын тілдік құрал ретінде жұмсалады. Бағалауыштық құрылымды ғалым Б.Момынова субъект баға/негіз объект түрінде көрсетіп, бағаның салыстырмалы баға, абсолютті баға, жалпы және дара баға деп аталатын үш түрін көрсете келіп «салыстырмалы баға бергенде «жақсы», «жаман», «тепе тең», ал абсолюттік бағалауда «жаман» және «жақсы», «бәрібір» ұғымдарын пайдаланамыз. Ал жалпылама баға берерде заттың барлық қасиеттері жинақталып, есепке алынса, жеке дара заттың бір ғана аспектісінің негізінде, бір ғана ерекшелігі арқылы беріледі. Абсолюттік бағалау кезінде бағаланатын объект біреу ғана болса, салыстырмалы баға берілерде екі немесе бірнеше объект бағалауға қатыстырылады, болмаса бір объектінің екі түрлі хал-күйі, жағдайы салыстырылады» деп тұжырымдайды (Момынова В., 2005: 140).

«Бағалауыштық құрылым адамның өмір тәжірибесінен алған көңіл күймен байланыста отырып, сол арқылы сөздің семантика-

сына, мағына мәселесіне, эмоционалдық категориясына, адамның ішкі лексиконына баға береді және оның әлеуметтік нормасын анықтайды» (Zalevskaia A.A., 1997: 83) деген А.А.Залевскаяның тұжырымы тіліміздегі сөздердің функционалдық қызметін анықтаудың бірден бір жолы ретінде танылады. Қ.Жұбанов: «Бір сөздің өзінде екі функция болады. Біріншісі – хабар беру қызметі, немесе коммуникациялық функция; екіншісі – таңбалау қызметі, яки сигнификация» – дейді (Jubanov Q., 1999: 581). Сөздің хабар беру қызметін екі типке бөлуге болады. Бірінші тіл мен ой бірлігін айқындайтын тип. Бұл тип бойынша, сөз белгілі бір заттың атауы ретінде дербес тұрса да, ол тілді тұтынатын әрбір адамның санасында өмір сүреді, таным процесінде шешуші рөл атқарады, тіл мен ойлаудың бірлігін құрайды. Бұл жөнінде Қ.Жұбанов былай дейді: «Ой деген адамның өзі жайлы, болмаса төңіреkteгілер жайлы білгені. Сөз деген сол білген нәрселердің аты. Сондықтан адамдар заттармен құбылыстардың аттарын (сөздерді) айтып білдіреді, яғни ойын сөзбен білдіреді» (Jubanov Q., 1999: 581). Ғалымның бұл тұжырымы – сөз бен ойдың бірлігін айқындайтын лингвофилософиялық концепция. Сөз бен ой – ажырамас диалектикалық бірлік. Бұл сөйлеу мен ой бірлігін құрайды.

Эксперимент

Сөздің танымдық қызметі екі түрлі: бірінші, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың атауын көрсетеді; екінші, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар туралы хабар береді. Мұны сөздің функционалдық қызметі тұрғысынан былайша түсіндіруге болады: сөзді айтқан кезде адам миына ең әуелі, ол қандай құбылыстың атауы екені туралы сигнал келеді. (Заттық атау ма, сындық атау ма, қимылдық атау ма, мезгіл атауы ма, мөлшер атауы ма) Одан кейін оның мағынасы туралы хабар келеді. (Қандай зат, қандай қимыл, қандай мезгіл, қандай мөлшер т.б.) Бұл екі қызмет сөз бен мағынаның ішкі бірлігін құрайды. Нәтижесінде олар тіл мен ойлаудың арақатынасын анықтауға негіз болады. Яғни сөз дыбыстық тілдің көрсеткіші болып танылады да, мағына ойлаудың көрсеткіші болады. Нәтижесінде сөз бен мағынаны адам болмысымен өзара үндесімде, бірлікте жұмсалатын антропологиялық фактор деп тануға болады.

Бүгінде БАҚ-та қалыптасқан жағдай ақпараттық және компьютерлік технологиялардың орасан қоғамдық күшке айналғандығын,

қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі арта түскендігін, жауапкершілігі де ұлғайғандығын көрсетеді, жұмысты ұйымдастыруда, ақпарат жинау мен таратуда жетекші мәнге ие болғандығын шегелей түседі.

Қазақстан БАҚ болашағы да әлемдік факторларға байланысты. Керісінше, ашық саясат ол арақашықтықты жақындата түсті, кедергілерді жойды. Сонымен бірге, біздің БАҚ та өркениет болашағы үшін жауапкершіліктен сырт қала алмайды. Яғни, елімізде орын алып отырған қиындықтарды тез жеңуге, экономиканы көтеруге, экологияны, басқа да әлеуметтік проблемаларды шешуге, халықтың білімі мен мәдениетін көтеруге, басқа да рухани сұраныстарын қанағаттандыруға, ғылыми техникалық жаңалықтарды өмірге еңгізуге ыңпал етіп, қоғамдық күш ретінде жауапкершілікті өзіне алғанда БАҚ-тың да беделі өсіп, танымалдығы арта түседі.

Әлемдік журналистика мен Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары бір вектордағы құбылыс, оны бөле қарау немесе басқа да өлшем болуы мүмкін емес. Қазақ журналистикасының эволюциясы осы бағытта қалыптасып келеді, оның нақты жемістері де көп күттірмейтіні анық. Оған бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс қарқыны да қосымша демеу беріп, қамшылай түсуде.

Қазақстандық БАҚ-қа қатысты мына бір проблеманың да мәні зор. Ол меншік иелеріне қатысты. Мемлекеттік монополияның жойылуына байланысты, газет журналдардың, телерадиоарналардың, баспалардың қожайындары да өзгерді. Өкінішке орай, осы арада демократиялық айқындылық принципі сақталды деп айту қиын. Әңгіме сапалы басылымдар туралы болып тұр. Бұрыннан халыққа кең танымал БАҚ-тардың жаңа заңды формаларға көшкенімен, кім, қалай басқаратындығы, қаржы көздері, жарнама бюджеті туралы мағлұматтар жоқ. Жабық акционерлік қоғамдар мен әр түрлі бірлестіктердің аты қарапайым оқырман, көрермен тыңдарманға еш мағлұмат бермейді. Мұның өзі олар тарататын ақпараттың оқырман үшін сенімділігіне тікелей әсер ететін фактор екендігін де ұмытуға болмайды. Біздің масс-медианың қандай топтарға, болмаса күштерге сүйенетіндігін, ақпарат көздерін қайдан алатындығы мен техникалық және технологиялық мүмкіндігін білуіміз өркениет талаптарына сай факторлар болып келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында компьютерлік бағдарламалар саласында Қазақстанда

қалыптасқан мынандай проблемаларға назар аударуымыз керек.

Бірінші, қазақ тіліндегі бағдарламалардың нарықта өз жолын таба алмауы, сұраныстың жоқтығы, сондықтан жетілдірілмей қалып қоятындығы.

Екінші, қазақ әріптері ұяларындағы сәйкессіздік таукіметі. Шетелдік мамандарға компьютерде қазақ әріптерімен терім жасаудың оннан аса стандарты қалыптасқандығын түсіндіре алмайсыз. Өйткені, олар үшін бұл тым ақылға симайтын ұғым. Компьютермен әмбебап құрал болғандықтан бұра тартудың қаншалықты қажеті барлығын өздері де түсіне алмай келеді. Компьютер өмірімізге алғаш араласа бастаған кезде, қазақша теру қажеттігі туындап, әріптер жасауға сұраныс күшейді. Осыны пайдаланған әр фирма өкілдері көрпені өзіне қарай тартуға ұмтылып, өз стандартын қалыптастыруға тырысты. Мүмкін, ол бүкілқазақстандық стандартқа айналса, сатып табысқа кенелеміз деген де ойдың болуы мүмкін. Осының салдарынан енді әріпке сұраныс емес, артық жүк балластан құтылу таукіметі күшейді. Сөйтіп, ақпараттық ғасыр жаңа мыңжылдыққа да қадам бастық, проблема сол күйінде қалып қойды.

Үшінші, үлкен бір мәселе қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуінен туындайды. Ақпараттық қоғам болашағы, технологиялардың үрдіс дамуы тұрғысынан қарасақ, көшудің тиімділіктері айқын көрінеді. Бұл жерде өткендігі бай мұрамыздан қара үземіз деп жалтақтаудың еш негізі жоқ. Әңгіме жаңа әліпбидің сауатты ережесін жасап, логикалық алгоритмін дұрыс құруда, әрі қазақы дыбыстардың үндестігін сақтауда. Мұндай жағдайда қазіргі кезеңнің компьютерлік қуатымен оны тиімді жүзеге асыру көп шығынды да қажет етпейді. Мысалы, білікті компьютерлік бағдарлама жасаушыға оның алгоритмімен сүзгі (фильтр, кейде конвертор деп те атайды) жасау ет пісірім уақытын ғана алады. Оны, мысалы, кең тараған Word бағдарламасына енгізіп, іске қоссаңыз, бір ноқатын басумен мәтініңізді ескі кириллицаға, кері бассаңыз жаңа латыншаға ауыстырып беру мүмкіндігін қарастыруға болады, компьютерлік тәжірибеде бар нәрселер. Яғни, жүздеген оқулықтарыңызды компьютер бірер сағатта жаңа әліпбиімен түзіп шығады.

Бұл мәселеде де Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құзырлы өкілеттігі мен белсенді араласуы керек деп ойлаймын. Бірінші кезеңде ғалымдар, педагогтар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым ортасында

- Маслова В. А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 59 с.
- Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов / Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Т. Лузина – М.: Изд-во Моск. гос. ун-та, 1996. – 245 с.
- Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж: Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 1996. – 103 с.
- Колесов В.В. О логике логоса в сфере ментальности. // Мир русского слова, 2000. – №2. – 59 с.
- Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка. // Русская словесность: Антология / Под ред. В.П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – 280 с.
- Попова З.Д., Стернин И.А. Общее языкознание. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2010. – 408 с.
- Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка, 2017. Retrieved from <https://www.ozhegov.org>
- Фасмер М. Этимологический словарь русского языка, 2019. Retrieved from <https://www.gufo.me/dict/vasmer>
- Словарь антонимов русского языка, 2019. Retrieved from <https://antonymonline.ru>
- Тихонов А.Н. Фразеологический словарь русского языка, 2016. Retrieved from https://www.otrezal.ru/phraseological_dictionary

References

- B'yuzen T. i B. (2008) Supermyshleniye [Supermind]. T. i B. B'yuzen; per. s angl. Ye. A. Samsonov. 5-ye izd. Minsk: «Pop-urri». 37 p. (In Russian)
- Babushkin A.P. (1996) Tipy kontseptov v leksiko-frazeologicheskoy semantike yazyka [Concept types in the lexical and phraseological semantics of a language]. Voronezh: Izd-vo Voronezh. gos. un-ta. 103 p. (In Russian)
- Fasmer M. (2019). Etimologicheskii slovar' russkogo yazyka [The etymological dictionary of the Russian language] Retrieved from <https://www.gufo.me/dict/vasmer> (In Russian)
- Kubryakova E.S. (1996) Kratkiy slovar' kognitivnykh terminov [A brief dictionary of cognitive terms]. Ye.S. Kubryakova, V.Z.Dem'yankov, YU.G.Pankrats, L.T.Luzina. M.: Izd-vo Mosk.gosu. un-ta. 245 p. (In Russian)
- Kolesov V.V. (2000) O logike logosa v sfere mental'nosti [On the logic of the logo in the field of mentality]. Mir russkogo slova. №2. 59 p. (In Russian)
- Likhachev D.S. (1997) Kontseptosfera russkogo yazyka [The conceptual sphere of the Russian language]. Russkaya slovesnost': Antologiya / Pod red. V.P.Neroznaka. M.: Academia. 280 p. (In Russian)
- Maslova V. A. (2001) Lingvokul'turologiya [Linguoculturology]. Ucheb. posobiye dlya stud. vyssh. ucheb. zavedeniy. M.: Izdatel'skiy tsentr «Akademiya». 59 p. (In Russian)
- Ozhegov S.I. Tolkovyy slovar' russkogo yazyka [The explanatory dictionary of S.I. Ozhegov] (2017). Retrieved from <https://www.ozhegov.org> (In Russian)
- Pimenova M.V. (2004) Dusha i dukh: osobennosti kontseptualizatsii [Soul and spirit: features of conceptualization]. Kemerovo: Grafika. 386 p. (In Russian)
- Popova Z.D., Sternin I.A. (2010) Obshcheye yazykoznanie [General Linguistics]. M.: AST: Vostok-Zapad. 408 p. (In Russian)
- Smirnova V. A. (2015) Ispol'zovaniye taksonomii tseley i zadach dlya razrabotki kodifikatora poznavatel'nykh universal'nykh uchebnykh deystviy [Using the taxonomy of goals and objectives for the development of codifier of cognitive universal educational actions]. Molodoy uchenyy. №17. Pp. 572-576. (In Russian)
- Slovar' antonimov russkogo yazyka (2019). [Dictionary of antonyms of the Russian language] Retrieved from <https://antonymonline.ru> (In Russian)
- Tikhonov A.N. Frazeologicheskii slovar' russkogo yazyka(2016). [Phraseological dictionary of the Russian language] Retrieved from https://www.otrezal.ru/phraseological_dictionary (In Russian)
- Taksonomiya zadach B.Bluma [B. Bloom's Taxonomy] Retrieved from <http://www.intel.ru/content/dam/www/program/education/emea/ru/ru/documents/project-design1/thinking-skills/bloom-taxonomy.pdf> (transl. from Engl.)
- Yevstropova N.S., Shaykhutdinova K.H.A. (2018) Razvitiye kriticheskogo myshleniya v protsesse samostoyatel'noy raboty po angliyskomu yazyku studentov tekhnicheskogo vuza [Development of critical thinking in the process of independent work on the English language of students of a technical college]. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya Pedagogika. №2. 90 p. (In Russian)

Игібаева А.К.¹, Кенжебекова Ф.С.²,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
¹профессоры, п. ф. д., ²магистранты,
Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: aiko-53@mail.ru, Fariza_04.12.93@mail.ru

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Ұрпағымызды кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аса назар аударылады. Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі – патриоттық тәрбие екендігі айқындалады. Патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарының формаларын, әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану керектігі көрсетіледі. Патриоттық тәрбие – жас өспірімдердің рухани жетілуінің ерекше бөлігі. Жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша педагог-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар бағалы пікірлер айтады. Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет. Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс. Қазақстандық патриотизмді еліміздің әрбір азаматтарының санасына сіңіру – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан патриотизм, әскери патриотизм, ұлтаралық қатынас мәдениеті тұрғысынан интегративті құрылым ретінде қазақстандық патриотизмнің мәнін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: патриоттық тәрбие, Қазақстандық патриотизм, патриотизм, отан, ұлттық патриотизм, патриоттық сана.

Igibaeva A.K.¹, Kenzhebekova F.S.²,

¹Doctor of Science, Professor; ²graduate student
of S. Amanjолоv East Kazakhstan state University,
Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: aiko-53@mail.ru, Fariza_04.12.93@mail.ru

Meaning of patriotic upbringing of the university youth

This article covers the questions of patriotic upbringing of the youth. Patriotic feeling is the indicator of the feeling that suggests that a person understands, supports, respects his or her country, language, culture and nation's values. One of the perspective factors of the modern education is a patriotic upbringing. It is shown that it is necessary to effectively use different forms, methods and techniques during the process of working on the question of patriotic upbringing. Patriotic upbringing is a special part of a spiritual growth of the youth. Teacher-scientists and experienced teachers have shared their valuable thoughts on this question. Formation of patriotic mind in the youth should not stop at simple gatherings. Work that is being done in this sphere needs to be the most essential and important part of university's educational and upbringing process. Kazakhstan needs to have a whole system of patriotic upbringing, especially the formation of Kazakhstani patriotism was put in perspective. Kazakhstani patriotism needs to be in the mind of each citizen of the country and the task to make it happen needs to be a high-priority one. That is why we are revealing the essence of Kazakhstani patriotism as an integrative structure from the patriotic and military points of view and also the culture of inter-ethnic relations.

Key words: patriotic upbringing, Kazakhstani patriotism, patriotism, motherland, national patriotism, patriotic mind.

Игібаева А.К.¹, Кенжебекова Ф.С.²,

¹д. п. н., профессор, ²магистрант

Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова,
Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: aiko-53@mail.ru, Fariza_04.12.93@mail.ru

Значение патриотического воспитания студенческой молодежи

В данной статье рассматриваются вопросы патриотического воспитания молодежи. Патриотическое чувство является показателем чувств, которые в целом предполагают, что человек понимает, поддерживается в духе уважения к стране, земле, своему языку и культуре, ценностям нации. Одним из перспективных факторов современного образования является патриотическое воспитание. Показано, что необходимо эффективно использовать формы, методы и приемы работы по воспитанию патриотизма. Патриотическое воспитание – особая часть духовного развития подрастающего поколения. По вопросу патриотического воспитания молодежи педагоги-ученые и опытные педагоги высказывают ценные отзывы. Формирование у студентов патриотического сознания не должно ограничиваться только проведением сборов. Работа, выполняемая в этом направлении, должна быть определена самой актуальной и важной в учебно-воспитательном процессе образовательных учреждений. В Казахстане должна быть создана целостная система патриотического воспитания, особенно объективно оценена роль в формировании Казахстанского патриотизма. Поглощения казахстанского патриотизма в сознании граждан каждой страны является неотложной задачей. Поэтому раскрывается суть казахстанского патриотизма как интегративной структуры с точки зрения патриотизма, военного патриотизма, культуры межнациональных отношений.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, казахстанский патриотизм, патриотизм, отечество, национальный патриотизм, патриотическое сознание.

Кіріспе

Елге, жерге деген сүйіспеншілік асыл қасиеттер әр адамға туған топырақтан, ана сүтімен дариды. Балаға өз еліне деген патриоттық рух қалыптастыру үшін, оның бай тарихына, байлығына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жасауымыз керек. Патриотизм өзінен-өзі қалыптаспайды, бала бойына мен Отанымның алдында борыштымын деген ойларды сіңіру қажет. Халқымызда қалыптасқан отансүйгіштік, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізет-тілек, қонақжайлылық қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл – парасатына азық ете білу керек. Әрбір тәрбиеші, ұстаз, отбасы халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңіруге, рухани жаны таза адам болуы шарт. Осы қағидаларды білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алып отырған жөн (Жұмағұлов Б.Т., 2011: 4.).

Патриоттық тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Отбасы – адамгершілік тәрбиенің негіздерін қалыптастырған айрықша әлеуметтік орта. Отаншылдық сезім – туа біткен қасиет болуы керек. Ол – адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім – жалпы

адам баласының еліне, жеріне, тілі мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіш.

Эксперимент

Ғылыми еңбектерде «патриотизм» ұғымы Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгіні үшін мақтаныш. Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу, Отанына, халқына берілгендік, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікпен сипатталады. Шынайы патриот адам өз елін жақсартуға ат салысатын, ұлтына, оның мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық танытады. Ол – ең алдымен, өз отбасын, туғантуыстарын құрметтейтін, ауыл-аймақ, ел-жұртын, руластарын, өз халқын қадірлейтін адам. Ұрпақты кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіруіміз керек. Ол үшін назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің мол факторларының бірі – патриоттық тәрбие болып табылады. Патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарының формаларын, әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану керек. Кеңес дәуірінде «советтік патриотизм», «әскери патриотизм»

тизм», «социалистік патриотизм», «интернационалистік патриотизм» деген ұғымды көбірек қолданды. Әр халықтың ұлттық сезімі, этно-мәдениеттің келіп шығуы тегін ескермеу салдарынан. Бұл – ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық мүдде секілді ұғымдардың әлсірегендігі. Патриоттық тәрбие беру мәселелерін арнайы зерттеумен айналысқан зерттеуші «ұлттық патриотизм дегеніміз қанмен, текпен туа бітетін, тәлім тәрбие арқылы жетілетін ұлттық сипаттағы саналы іс-әрекет пен мінез-құлық» деп анықтама береді (Гасанов З.Т., 2001: 25).

Патриоттық тәрбие – жас өспірімдердің рухани жетілуінің ерекше бөлігі. Жетпісінші жылдары әскери қызметті өтеу бозбалалар өмірінің қажетті кезеңінің бірі болған. Қазір әскерге шақырушылар әскери қызметті өтеуден бас тартады, ата-аналары оларды жібермеуге тырысады. Жастарымыздың басым бөлігі әскери билет – Отан алдындағы борышын адал орындағандығын куәләндіратын құжат емес, тек жұмысқа орналасуға қажет қосымша қағаз ретінде қарайды. Сондықтан қазіргі жағдайда жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу проблемасы – мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, қосымша және кәсіби білім мекемелерінде, яғни тәрбие процесінде үздіксіз жүзеге асырылып отырылуы қажет (Гликман И., 2002: www.rusnauka.com/7_NTSB_2016/Pedagogica/3_208274.doc.htm).

Ғылыми-зерттеу жұмысы патриоттық-интернационалдық тәрбие мәселесіне арналған еңбектерде тәрбие мәселесін кешенді, бір-бірімен ұштастыра отырып жүргізу көзделеді. Патриоттық-интернационалдық тәрбиені адамгершілік, саяси-идеялық, тәрбиелермен және пән сабақтарының мазмұнымен байланыстыра жүргізу қарастырылады. Ғылыми еңбектерде аға ұрпақтың ерлік және еңбек дәстүрі арқылы жоғарғы сынып оқушыларының патриоттық сезімдерін жетілдіру, дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөлінген.

Бүгінгі ұрпақты ерлікке баулудың нағыз қайнар көзі – халықтық педагогика. Болашақ батыр ұрпақ өсіруге көмектесер бір фактор – халықтық педагогикалық ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі. Бұл ретте ұлттық жауынгерлік дәстүрлерінің маңызы зор екенін атап көрсетіледі. Ғылыми зерттеулерде халықтық педагогика негізінде майдангер жазушылардың шығармаларын пайдалану арқылы Отан сүйгіштік қасиетті қалыптастыруға игі ықпал етеді. Онда өскелең ұрпақтың бойындағы ұлттық парыз, намыс, сезімдерін ояту жағына баса көңіл аударылады (Иманбаева С.Т., 1998: 47).

Жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша педагог-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар бағалы пікірлер айтады. Бұл жөнінде педагог-ғалым Қ. Жарықбаев жастарды аға ұрпақтың ерлік істерімен таныстыру арқылы отаншылдыққа тәрбиелеудің қажеттігін ерекше атап көрсетеді. Педагогикалық зерттеулерде жас ұрпақтың отанға сүйіспеншілігін қалыптастыру мәселесі жеке дара қарастырылмаған. Көптеген зерттеулерде Р. Төлеубекова, Р. Елубаев, А. Қисымова, Ж. Сәдірмекова, А. Аманжолова, С. Әбілдина, К. Әбілғазиева, А. Жұмаханов, С. Иманбаева, т.б. оқушыларға адмгершілік патриоттық тәрбие сөз болады. Патриотизмге тәрбиелеу жұмыстарының формаларын, әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану керек (Иманбаева С.Т., 1998: 63).

Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда студенттерге патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес мәселе ретінде анықталады. Одан үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге болады. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасады. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздері бір арнаға түсіріліп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде сөз болады. Ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылады. Егемендікпен қоса келген «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарымен байланысты «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» анықтап, жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен бағыттары айқындалады. Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде, қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық беруде ұлттық патриотизм студенттердің рухани азығына айналып отыр (Артюхова И., 1999: 119).

Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесі ең өзекті, маңызды болып белгіленеді. Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағаланады. Қазақстандық патриотизмді еліміздің әрбір

азаматтарының санасына сіңіру – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан, патриотизм, әскери патриотизм ұлтаралық қатынас мәдениеті тұрғысынан интегративті құрылым ретінде қазақстандық патриотизмнің мәнін ашып көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиелеудегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару. ...Тәрбиешінің қолданатын жолы- ұлт тәрбиесі. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Жастарды тәрбиелегенде ұлт тәрбиесінің негізінде тәрбиелеу арқылы, ұлттық құндылықты бойына сіңіре білген жөн. Бұл – келешек ұрпақтың патриот болып шығуы үшін, тәрбиелеуді ұлттық тәрбиеден бастауымыз керектігін көрсетеді (Иманбаева С.Т., 2005: http://n.kaznu.kz/docs/Ped_2013_4.pdf).

Қазақстандықтарға ХХІ ғасырға лайықты және жетекші ел болудың жоғарғы мақсаты жолында бүкіл қоғамды берік біріктіретін идеялық күш қажет болды. Елбасы Қазақстан халқына арнап «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты тарихи Жолдауын жазды. Жолдауда отандастары үшін өте маңызды екі идея ұсынды. Оның біріншісі – «Мәңгілік ел», екіншісі – «Қазақ елі». Қазақстанда мекен еткен барлық ұлт өкілдері арасында қолдау тапқан қос идея бірауыздан қабылданатындығына кәміл сенемін. «Мәңгілік ел» – халқымыздың болашаққа бағыт берер шамшырағы. «Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі». «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру барша қазақстандықтарға, әсіресе, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлкен сын, зор мәртебелі іс болмақ. Бұл үшін төмендегі құндылықтарды орындауымыз керек: бірінші – ата-анасын қадірлейтін, Отанын сүйетін бала тәрбиелеу, екінші – қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білетін, оны дамытатын ұрпақ тәрбиелеу, үшінші – халықтар достығын қастерлейтін, ел бірлігін сақтайтын ұл-қыз өсіру. Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін дамы-

ту. Өз халқын сүйіп, оның болашағын ойлаған адам басқа халыққа да солай қарайды (Назарбаев Н.Ә., 2014).

Ата-баба рухы, туған ел, ана тілі – бұл қазақ үшін қасиетті ұғымдар. Егемен еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін жастарымыз білімді, жан-жақты, дарынды да қабілетті болуы шарт. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда тәрбие жұмысының басым бағыттары анықталады: жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, зияткерлік тәрбие, еңбек тәрбиесі және өзін-өзі анықтау, дене және психологиялық тәрбие, салауатты өмір салты, экологиялық тәрбие, көп мәдениетті тәрбие, көркем-эстетикалық тәрбие, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, отбасы тәрбиесі.

Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді. Өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады (Рассел Джесси, 2012: 123).

Талқылау және нәтиже

Студент жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу маңызы гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге бағытталады. Ол азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, ұлттық сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастырады. Балалар мен жастардың патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс-әрекеттестік деңгейін көтеру белгіленеді. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден-ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби: «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер *жақсы әрекеттер* болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне саймасай келеді». Қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер жасау керектігі туралы ой айтылады (Кенжалин Ж., 2005: 47).

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалармен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты. Бұл жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау – басты мәселелердің бірі. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында

қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін, әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз. Сонымен қатар олар бір-бірін танып білуі, құрметтеуі реттеледі. Жас ұрпақ қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт (Мошер Р., 1996: 148). Жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілі білу ерекше орын алады. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері патриоттық сезімді қалыптастыруда. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім – ананың сүтімен баланың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәметке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде көрініс табады (Астемес Г., 2011: 25).

Тәуелсіз еліміздің халқын отансүйгіштікке тәрбиелеу фактолары: ұлтына, тіліне қарамастан білімнің қай саласы болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілді үйрету. Патриот, отан қорғаушы жастарды тәрбиелегенде Отанды тек қарумен ғана емес, ақылмен де қорғау керектігін насихаттау. Отан қорғау жолында құрбан болған батыр, ержүрек ағаларымызды, аталарымызды, бабаларымыздың ерліктерін үлгі ете отырып, мемлекетіміздің дамуы, өсіп-өркендеуі жолында көп пайдалы еңбек еткен азаматтардың да еңбегін ардақтау. Бүгінгі таңда саяси тұрақтылық – біздің қоғамымыз үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Себебі, әлемдік деңгейде тез өзгеріп отыратын жағдайларда, әр мемлекеттің басты міндеті – қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау. Философ – ғалым М. Изотов патриотизмді ұлттық, жалпы ұлттық және қазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады. «Ұлттық патриотизм өзінің туған жеріне, өз

ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды. Жалпы қазақстандық патриотизм – мемлекет халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, шынайы сүйіспеншілігі халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы, – деген тұжырым жасайды. «Патриотизм – тұлғаның бойындағы сапалық белгі. Патриотизмнің күре тамыры сақ, ғұн дәуірлерінен, Күлтегін, Тоныкөк, Алтын Орда батыры Ер Едіге, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, нақыл сөздер жас ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға игі ықпал етеді (Иманбаева С.Т., 1998).

Ол жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері жөнінде: Еліміз егемендік алумен байланысты және қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселелері жаңа санатқа ие. Патриотизм – жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды салалық қасиеті. Сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастырсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін себеп-салдары болып табылады. Зерттеушілер еңбегінде: Өтпелі кезеңдегі патриотизм ұғымына жан-жақта түсінік береді. Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуындағы этникалық факторлар, патриотизмнің негіздері мен компоненттері және құндылықтары баяндалады. (Мұхаметханұлы Н., 2014: <http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b2350.pdf>).

Патриоттық тәрбие ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрлерін жатқызса, тіл қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриоттық тәрбиенің қазіргі кезде алатын орны ерекше. Жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойына сіңіріп қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Патриоттық тәрбие беру арқылы жастарды саналы сезімін, көзқарасын қалыптастырады (Битинас, Б., 1984: 137). Оқу орнында патриоттық тәрбиенің тереңдеуі Отанымыздың саналы да белсенді

күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастардың Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Жастардың дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда білім беру орындары шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріледі. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады. Әскери-патриоттық тәрбие – жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдік жағынан даярлау ұстаздар құзырында (Фришман И., 2005: 35).

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтаралық қатынас сыйластығы, ізгілік, эстетикалық еңбек, дене, құқықтық, экономикалық, экологиялық тәрбие жатады (Рубинштейн М.М., 1916: 59). Тағдырымызбен тамырлас, тарихымызбен тағдырлас, тау суындай арынды да сарқылмас құдіретті күш бар, ол – ұлтжандылық. Ұлтжандылық – патриоттықпен, ұлтқа деген сүйіспеншіліктен жалпы адамзаттық құндылықтарды игерудің өркениеттік үрдістерінің ұлттық жолы мен жүйелеудің бағдары, серпілісті қозғалыстың мақсатты кезеңі. Ұлтжандылық – халықтың тәлім-тәрбиелік дәстүрде жүргізілген ұлттық тәрбие негізінде қалыптасып, тектілікке жеткізер рухани күш, адам мен қоғамның алға қойған ортақ мақсаттарына қол жекіздер киелі қасиет. Ұлтжандылық ұлтаралық мәселелерде жеке адамның өлшемдерін үйлестіріп, рухани адамгершілікке деген сенімді жоғалтпауға, өзгемен терезесі тең, иықтас болудың жолын ұштастыруға бастайтын өнегелі қасиет. Ұлтжандылық қасиетті қалыптастыратын негізгі төрт шарт: халқымыз әуел бастан жақсы-жаман болуы оның жаратылысынан деген қағиданы келтіреді. Яғни бас қосып, отау тіккен жастардың ұрпақ жалғасына деген жауапкершілігі, баланың ана құрсағында. «...Құрсақтағы бала тыңдай да, сезіне де тіпте түсіне де біледі...», өз айналасындағы ортаның, ата-ананың, қоғамның жақсы ықпалында дамып жетілуі, жарық дүниеге келген соң өз анасының бауырында уызына жарып, ана әлдиінің шуақты да мейірімді үніне

бағынып өсуі; бала ата-анасымен, өскен ортасымен ана тілінде қарым-қатынасқа тусуі; ой-өрісі өз ана тілінде өрбіп, өз ана тілінде шығуы; әрі қарай өмірге көзқарасы, дүние танымы өз халқының өмір сүріп, тіршілік етіп жатқан төл тілі – ана тілі арқылы қалыптасуы; өз әке-шешесі, ата-бабасы өсіп-өнген атамекенінде туып өсуі; туған, тұрған жерінің қадір-қасиетін, табиғат сырын терең ұғынып, оның бақытты болашағын жалғастырар ұрпақ екенін сезініп өсуі; туған жерінің суын – нуын, тау-тасын, топырағын, аспанын қауіп-қатерден сақтай білу және қастерлеу қасиетін ұғыну; туған халқының елдік, ұлттық тарихын білу, оның ащы-тұщы кездеріне мән бере өсуі; «Ақтабан шұбырындыдан» «Желтоқсанға» дейінгі өз халқының көрген қасіреттерін естен шығармай, ел тыныштығын, елбақытын көтеруге ой бөліп, жол іздеп өсуі; ел бірлігін сақтаған ақылгөй даналарын біліп ел қорғаған батырлардың айбынды дәстүріне ризалық және мақтанш сезімінің қалыптасуы; оқуда, білімде, еңбекте өзін күрескер жасампаз дәрежесіне сезініп өсуі (Назарбаев Н.Ә., 1999).

«Бұл дүниеде Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл – туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет ету. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан – тәнімен сезіну», – деген ғибратты сөз патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі. Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алудамыз. Оларды қуана еске алып, мақтана айту – қазақ халқының әрбір перзентінің парызы. «Өзім өлсем де, Отаным аман болса екен» деп өз жанын да аямаған батырларымыздың ерліктерін ұмытпай, адам бойына патриоттық сезімді қалыптастыру үшін тәрбиені отбасы мен білім ордаларынан басталады. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту – ата-ананың парызы. Батырларымыздың ерліктерін ары қарай жас ұрпақ есте сақтап, ананың жасы, арудың ары, батырдың қаны төгілген бұл даланы көзінің қарашығындай қорғап жүру жас ұрпақтың патриоттық құралы болып табылады. Бұл соғыстың жарасы әлі күнге

дейін барлық ұлттың жүрегінде. Мұны ешқашан ұмытпаймыз.

«Ерлік – табиғат сыйы, адамның ең ұлы сезімі – азаматтық парызын орындау, отандастарды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу». «Батылдық – іс-әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіру», «Табандылық – батырлардың қалқаны», «Өжеттілік, қайсарлық – адамның тіпті мүмкін емес, деген жағдайдың өзіне абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс», «Отан – халық». Бірде бір адамзат өзінен бұрынғы ата буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибиесін пайдаланбай өмір сүрмейді. Қай ел, қай халық болмасын, озық тәжірбиені жатсынбай қабылдайды. Өзіміздің батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов және тағы да басқалардың өткен ерліктері, көрсеткен қызметтері алаға жетелейді. Тек солардың Отанға деген сүйіспеншіліктері арқасында ғана қазір бейбітшілік заманда өмір сүрудеміз.

Қорытынды

Елбасының «Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деген негізгі ұлық сөзін жүзеге асыру. «Өзін-өзі тану» пәні болашақ ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды өмір бойы басшылыққа алатын жеке тұлға қалыптастыруға негізделеді. Жеке тұлғаның өзіндік қасиетінің ашылуына, шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыруға, балалардың сүйіспеншілік, ұлттық сана-сезімін нығайтуға жұмыс жасалады.

Егемен Қазақстанның болашағы, тағдыры жастардың қолында. Сондықтан жастарымыз білімді де, тәрбиелі, жан-жақты дамыған азамат болып қалыптасуы керек. Кез-келген азамат өзінің елі мен жері үшін жанын берер патриот болғаны жөн. Ең мықты мемлекет болу үшін жастардың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыруға үлкен күш жұмсауымыз

қажет. Қазақ елінде есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл-қыздар баршылық. Олар атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар. Міне, қазіргі таңда тәуелсіздіктің таңы атып, сол жас боздақтар аңсаған қой үстінде, бозторғай жұмыртқалаған заманда тіршілік етіп жатырмыз. Жас болса да елі үшін қан төккен батырларымыздың үмітін ақтау қазіргі жастардың қолында. Ол үшін жас ұрпақ батырларымыздың рухты жүрегін түсініп, олар да еліне, жеріне деген патриоттық сезімді оятуы тиіс. Олар мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынасты сақтай білуі керек. Бұл батырларымыздың ерлік ісі арқылы әрбір жас ұрпақ өзін-өзі ұлттық рухқа тәрбиелеуі тиісті. Жалпы патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекет алдындағы борышын орындау. Республикадағы ұлттар мен ұлыстардың ешқайсысын алаламай, бәрінің де толыққанды дамуына нақты жағдайлар жасалады. Көп этносты елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету қазақстандық патриотизмнің туындауына негіз бола алады. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

Студент жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызы – бүгінгі күннің заманауи талаптарына сай берілген білім. Ұстаздар ұжымы білімді, жігерлі, өз болашағына нық сенімді жас ұрпақты тәрбиелеу үшін тынымсыз еңбек етуде. Осындай білгір, білімді, қажырлы да қайратты ұстаздардан білім алып, қанаттары қатайған шәкірттерден болашақта Қазақстан Республикасына зор үлес қосатын нағыз мамандар шығады. Сөйтіп, студент жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызына қатысты аз кем сөз қозғадық деген ойдамыз.

Әдебиеттер

Жұмағұлов Б.Т. Патриотизм және азаматтық ұстаным // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. – № 260. – 263 (2661), 21 маусым. – Б. 2-4.

Гасанов З.Т. Проблема воспитания патриотизма, дружбы народов, веротерпимости // Педагогика. – 2001. – №4. – С.24-30.

- Гликман И. Гражданские качества: из чего складывается их дефицит // Учитель. 2002. – № 1. www.rusnauka.com/7_NTSB_2016/Pedagogica/3_208274.doc.htm
- Иманбаева С.Т. Ерлік тағылымы. Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1998. – 132 б.
- Артюхова И. С. Ценности и воспитание // Педагогика. – 1999. – №4. – С. 117-120.
- Иманбаева С.Т. Қазақстандық патриотизмнің негізгі тірегі. // Қазақстан мектебі. – 2005. – №9-10. http://n.kaznpu.kz/docs/Ped_2013_4.pdf
- Назарбаев Н.Ә. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, 2014.
- Рассел Джесси. Патриотизм; Книга по Требованию. – Москва, 2012. – 973 с.
- Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005. – 46-47 б.
- Мошер Р., Кении Р., Гаррод Э. Воспитание гражданина: демократические школы / Пер. с англ. / Под общ. ред. Т. Э. Балуян. – М: Народное образование, 1996. – 232 с.
- Астемес Г. Болашақ мұғалімдердің патриотизмі ауадай қажет. Қазақстан мектебі. – Алматы, 2011. – №3. – Б. 24-26.
- Мұхаметханұлы.Н. Изденіс: тарих және заман: мақалалар. – Алматы: Мерей, 2014. <http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b2350.pdf>
- Битинас Б. Структура процесса воспитания: методологический аспект. – Каунас: Швиеса, 1984. – 190 с.
- Фришман И. Воспитание патриота и гражданина в детском общественном объединении. // Воспитательная работа в школе. – 2005. – №2. – 34-38 б.
- Рубинштейн М.М. Война и идеал воспитания. // Вестник воспитания. – 1916. – № 3. – С. 57-63.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.

References

- Artyukhova I.S. (1999). Cennosti i vospitanie [Values and education] Pedagogy. 1999. No 4. Pp. 117-120. (In Russian)
- Astemes G. (2011). Bolashak mugalimderdin patriotizmi auadai kazhet [Patriotism of future teachers is necessary as air] Kazakhstan mektebi. Almaty. 2011. No 3. 24-26 p. (In Kazakh)
- Bitinas B. (1984). The Structure of the process of education: methodological aspect. Kaunas: Sviesa, 1984. 190 p. (Transl. from Engl.)
- Frishman I. (2005). Education of patriot and citizen in children's public Association. I. Frishman. Educational work at school. 2005. No 2. Pp. 34-38. (Transl. from Engl.)
- Glickman I. (2002). Civil quality: what is the deficit. Teacher. 2002. No 1. www.rusnauka.com/7_NTSB_2016/Pedagogica/3_208274.doc.htm (Transl. from Ger.)
- Hasanov Z.T. (2001). Problema vospitaniya patriotizma, drujby narodov, veroterpimosti [The Problem of education of patriotism, friendship of peoples, religious tolerance] Pedagogy. 2001. No 4. Pp. 24-30. (In Russian)
- Imanbaeva S.T. (1998). Erlik tagylymy [Lesson of courage] Oku kuraly. Almaty: RBK 1998. 132 p. (In Kazakh)
- Imanbaeva S. T. (2005). Kazakhstandyk patriotizminin negizgi tiregi [The main support of Kazakhstan patriotism] Kazakhstan mektebi No 9-10, 2005. http://n.kaznpu.kz/docs/Ped2013_4.pdf (In Kazakh)
- Kenhalin Z. (2005). Ult ruhyn ulyktyrgan urpakpyz. [We are the heirs of the spirit of the nation] Almaty, 2005. 46-47 p. (In Kazakh)
- Mosher R., Kenya R., Garrod E. (1996). Education of the citizen: democratic schools. Under the General ed. T.E. Baluyan. Moscow: Public education, 1996. 232 p. (Transl. from Engl.)
- Mukhametkhanuly N. (2014). Izdenis: tarih jane zaman: makalalar [Search: history and time: articles] Almaty: Merey 2014. <http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b2350.pdf> (In Kazakh)
- Nazarbaev N.A. (2014). El prezidentinin Kazakhstan halkyna zholdauy [Message of the President to the people of Kazakhstan] 2014. (In Kazakh)
- Nazarbaev N.A. (2003). Tarih tolkynynda [In the stream of history] Almaty: Atamura, 2003. 288 p. (In Kazakh)
- Rubinstein M.M. (1916). War and the ideal of education. Herald of education. 1916. No 3. Pp 57-63. (In Russian)
- Russell Jesse (2012) Patriotism Book on Demand. Moscow, 2012. 973 p. (Transl. from Engl.)
- Zhumagulov B.T. (2011) Patriotism zhane azamatytk ustanym [Patriotism and civil position] Kazakhstanskaya Pravda. Almaty 2011. No 260 263 (2661) 21 1 June. Pp. 2-4. (In Kazakh)

Хайржанова А.Х.¹, Мустагалиева Г.С.²,

¹к. ф. н. ст. преподаватель, ²ст. преподаватель
Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова,
Казахстан, г. Атырау, e-mail: akmaral_63@mail.ru, ms_gulnara@mail.ru.

МЕТОДЫ ПРЕОДОЛЕНИЯ ЯЗЫКОВОГО БАРЬЕРА ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Общие принципы и методы преодоления языкового барьера при обучении английскому языку, его компоненты в их взаимосвязи и обусловленности акцентировали наше внимание на ряде требований в процессе формирования иноязычной коммуникативной способности. При этом, как очевидно из изложенного в приведенном параграфе, мы не касались непосредственно методических вопросов организации содержания в конкретных условиях обучения, выделения в нем частей или единиц, соотносимых с определенными моментами динамики процесса обучения. Между тем вопрос определения основной организационно-методической единицы организации содержания обучения английскому языку, как свидетельствуют методические источники, уже многие годы привлекает внимание исследователей. В качестве такой единицы называется тема. И мы полагаем, что определение методического статуса темы как основной организационно-содержательной единицы обучения, в рамках которой осуществляется процесс активизации когнитивно-коммуникативной деятельности студентов, и в настоящее время является актуальным. Лингвистическая и лингвострановедческая компетенции формируются опосредованно, через содержание учебного материала и в процессе приобретения коммуникативной компетенции. Формирование коммуникативной компетенции обеспечивается взаимосвязанным обучением всем четырем видам речевой деятельности на основе коммуникативно-функционального подхода. При этом правомерно подчеркивается необходимость включения в содержание обучения коммуникативно-значимых речевых ситуаций. Указывается также на то, что отбор языковых средств определяется не системой языка, а их речевыми функциями, с учетом их коммуникативной ценности и способности обслуживать решение основных коммуникативных задач в типичных ситуациях общения.

Ключевые слова: методы, английский язык, понятие системности, общественная наука, компоненты, параметры, обучение.

Khairzhanova A.Kh.¹, Mustagalieva G.S.²,

¹Candidate of Philology, ²Senior lecturer
of H. Dosmukhamedov Atyrau State University,
Kazakhstan, Atyrau, e-mail: akmaral_63@mail.ru, ms_gulnara@mail.ru.

Methods of overcoming the language barrier in teaching English

General principles and methods of overcoming the language barrier in teaching English, its components in their relationship and conditionality, focused our attention on a number of requirements, in the process of forming a foreign language communicative ability. At the same time, as is obvious from the discussion in the above paragraph, we did not directly touch on the methodological issues of organizing content in specific training conditions, identifying parts or units in it that are correlated with certain points in the dynamics of the learning process. Meanwhile, the question of determining the main organizational and methodological unit for the organization of the content of teaching English, as methodological sources have shown, has attracted the attention of researchers for many years. The theme is called as such a unit. And we believe that the definition of the methodological status of the topic as the main organizational-substantive unit of instruction, within which the process of activating the cognitive-communicative activity of students is carried out, is currently relevant. Linguistic and linguistic competences are formed indirectly, through the content of educational material and in the process of acquiring communicative competence. The formation of communicative competence is provided by interconnected training in all four types of speech activity based on a communicative and functional approach. At the same time, the need to include communicatively significant speech situations in the training content is rightly emphasized. It is also indicated that the selection of language

tools is determined not by the language system, but by their speech functions, taking into account their communicative value and ability to serve the solution of basic communicative problems in typical communication situations.

Key words: methods, English, the concept of systemicity, social science, components, parameters, training.

Хайржанова А.Х.¹, Мустағалиева Г.С.²,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің

¹аға оқытушысы, ф. ф. к., ²аға ғылыми қызметкері,

Қазақстан, Атырау қ., e-mail: akmaral_63@mail.ru, ms_gulnara@mail.ru.

Ағылшын тілін оқытудағы тілдік кедергілерді жеңу әдістері

Ағылшын тілін оқытудағы тілдік кедергілерді жеңудің жалпы принциптері мен әдістері, олардың қарым-қатынасы мен шарттылығындағы компоненттер біздің назарымызды шет тілінің коммуникативті қабілетін қалыптастыру процесінде бірнеше талаптарға аударды. Сонымен бірге, біз нақты оқу жағдайларында мазмұнды ұйымдастырудың, оқу процесінің динамикасындағы белгілі бір сәттермен байланысты болатын бөліктерді немесе бірліктерді анықтаудың әдіснамалық мәселелеріне тікелей тоқталмадық. Сонымен бірге, ағылшын тілін оқытудың мазмұнын ұйымдастырудың негізгі ұйымдастырушылық-әдістемелік бірлігін анықтау мәселесі, әдіснамалық көздер көрсеткендей, көптеген жылдар бойы зерттеушілердің назарын аударды. Сонымен, біз студенттердің танымдық-коммуникативтік әрекетін белсендіру процесі жүзеге асырылатын оқытудың негізгі ұйымдастырушылық-мазмұндық бірлігі ретінде тақырыптың әдістемелік мәртебесін айқындау қазіргі уақытта өзекті деп санаймыз. Тілдік және лингвистикалық құзыреттіліктер жанама түрде, оқу материалының мазмұны арқылы және коммуникативтік құзыреттілікке ие болу процесінде қалыптасады. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру коммуникативті және функционалды тәсілге негізделген сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрі бойынша өзара байланысты жаттығулар арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге оқыту мазмұнына коммуникативті маңызды сөйлеу жағдайларын қосу қажеттілігі дұрыс айтылған. Сондай-ақ, тілдік құралдарды таңдау тілдік жүйемен емес, олардың сөйлеу функциялары, олардың коммуникативті құндылығы мен типтік коммуникациялық жағдайдағы негізгі коммуникативті мәселелерді шешуге қызмет ету қабілетін ескере отырып анықталатындығы көрсетілген.

Түйін сөздер: әдістер, ағылшын тілі, жүйелілік ұғымы, әлеуметтік ғылым, компоненттер, параметрлер, оқыту.

Введение

На данном этапе нашего исследования активизации процесса обучения английскому языку мы не ставим перед собой задачу всестороннего рассмотрения всех аспектов данной проблемы. Мы акцентируем внимание прежде всего на принципиальных положениях построения процесса обучения, направленного на формирование иноязычной коммуникативной способности студентов, с точки зрения возможностей различных компонентов содержания влиять на активизацию когнитивной и коммуникативной деятельности преподавателя и студентов.

В ряде обще дидактических, в том числе и методических работах (И.Л. Бим, С.С. Кунанбаева и др.) указывалось на необходимость интерпретации процесса обучения как целостной системы. Однако до настоящего времени понятие «целостности» процесса обучения английскому языку как системы не получило в методике, на наш взгляд, достаточной ясности и четкости. В

связи с этим обратимся к тому, каким образом понятие целостности системы интерпретируется в работах известных ученых, исследовавших понятие системности в общественных науках, к которым, безусловно, относится и методика, исследующая процесс обучения английскому языку.

В общественной науке целостная система понимается как «совокупность объектов, взаимодействие которых обуславливает наличие новых интегративных качеств, не свойственных его частям, компонентам (Afanásev V.G., 1980: 264).

